



CAEPCO

Central-Asian
Electric Power Corporation

ГОДОВОЙ ОТЧЕТ | ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2014

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАША ҚЫЗМЕТТІК НӘТИЖЕЛЕР	2	«ОАЭК» АҚ қызметіне айтарлықтай ықпал ететін негізгі тәуекелдерге талдау	43
Компания профилі	3	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	46
Негізгі қызметтік көрсеткіштер	3	Акциялық капитал құрылымы	47
Қызмет ету географиясы	4	Дивидендтер туралы ақпарат	48
Жылдың негізгі оқиғалары	5	Директорлар кеңесі	49
Басым міндеттерді жүзеге асыру нәтижелері	6	Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер және олардың қызметі	52
		Директорлар кеңесінің маңызды шешімдеріне шолу	53
БАСШЫЛЫҚ ҮНДЕУІ		Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп	54
«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі	8	Атқарушы орган	57
«ОАЭК» АҚ Президентінің үндеуі	10	Ішкі бақылау және аудит	58
		Ақпараттық саясат	59
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ	12	ТҰРАҚТЫ ДАМУ	60
Тарихы	13	Мүдделі тараптармен өзара қызмет	61
Негізгі өндірістік көрсеткіштер	14	Кадрлық және әлеуметтік саясат	63
Топ құрылымы	15	Экологиялық саясат	69
Еншілес компаниялар туралы ақпарат	16	ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК	72
Рейтингтер	18	ГЛОССАРИЙ	80
Даму стратегиясы	18	ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ	81
		БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ	82
НАРЫҚТЫҚ ОРТАҒА ШОЛУ	20		
Экономикаға шолу	21		
Энергетика саласына шолу	24		
ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ	30		
Қызмет нәтижелері	31		
Алдағы жылдың негізгі мақсаттары мен міндеттері	35		
Қаржы-экономикалық көрсеткіштер	36		
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ	42		


КОМПАНИЯ ПРОФИЛІ

«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ – Қазақстанның электр және жылу энергетикасы саласындағы вертикалды түрде біріктірілген ірі жеке холдинг болып табылады. Корпорация жетек-


ші әлемдік тәжірибені белсенді түрде қолданысқа енгізіп, өз қызметін өндіріс, экология, денсаулықты және әлеуметтік саланы қорғау бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізеді.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

Өткізу көлемі




Таза табыс




ЕБИТДА



ЕБИТДА margin




Активтер



Энергия өндірісі




Инвестициялар көлемі



*«АЭУК» АҚ мәліметтерін есепке алғанда

ҚЫСҚАША ҚЫЗМЕТТІК НӘТИЖЕЛЕР

ҚЫЗМЕТ ЕТУ ГЕОГРАФИЯСЫ



СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

160 993

70 119

- Петропавл 2-ЖЭО
- «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ
- «Петропавл жылу желілері» ЖШС
- «Севказэнергобыт» ЖШС

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

219 414

163 130

- Павлодар 2-ЖЭО
- Павлодар 3-ЖЭО
- Екібастұз ЖЭО
- «Павлодар ЭТК» АҚ
- «Павлодар жылу желілері» ЖШС
- «Павлодарэнергобыт» ЖШС

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

Тұтынушылар саны:

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ

ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫ

- Электр және жылу энергиясын өндіру
- Электр энергиясын тарату
- Жылу энергиясын тарату
- Электр және жылу энергиясын өткізу

ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

- Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі шетелдік валютадағы «ОАЭК» АҚ дефолтының ұзақмерзімді «BB-» рейтингін («РДЭ») берді, болжамы – «тұрақты».
- «ОАЭК» АҚ өз меншігіне «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ 48,41% акциясын алып, қоғам акциясының 100%-ын біріктірді. Бұған дейін Корпорацияның 51,59% акциясы «ОАЭК» АҚ жарғылық капиталына оның түп акционері – «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ тарапынан берілген болатын.
- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің Павлодар қаласында (Қазақстан Республикасы) өткізген көшпелі жиналысында Директорлар кеңесі мүшелері «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындарында инвестициялық бағдарламалардың жүзеге асу барысымен танысты.
- «Эксперт РА Қазақстан» «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның жоғары рейтингтерін А+ деңгейінде растады.
- «Эксперт-200-Қазақстан» рейтингінің нәтижесі бойынша, «ОАЭК» АҚ «Қазақстанның ірі жеке энергетикалық кәсіпорны» болып танылды.
- Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласында «ОАЭК» АҚ өкілдігі құрылды.
- «ОАЭК» АҚ мен ALSTOM Holdings компаниясы арасында энергоқондырғыларды жеткізу бойынша өзара әрекет және түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Бұл арқылы Корпорация өзінің қолданыстағы нысандарында жаңа заманғы технологияларды қолданып, сондай-ақ болашақта жаңа жобаларды жүзеге асырғанда да қолданысқа енгізуге дайын екенін танытты.
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда №8 жаңа қазандық агрегатты пайдалануға беру салтанатты рәсімі өтті.
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Павлодар 3-ЖЭО-нда №5 жаңа турбоагрегатты пайдалануға беру салтанатты рәсімі өтті.



БАСЫМ МІНДЕТТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Инвестициялық бағдарлама

Инвестициялық бағдарлама бойынша, 2014 жылы 30,10 млрд теңгені игеру жоспарланған болса, нақтысында игерілген қаржы көлемі 28,24 млрд теңгені құрады.

Жоспарға сәйкес, 2014 жылдың желтоқсанында «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ қайта құру жұмыстарынан кейін Павлодар 3-ЖЭО-нда қуаттылығы 125 МВт №5 турбоагрегатты пайдалануға берді, бұл станцияның белгіленген электр қуатын 15 МВт-қа, 505 МВт-тан 520 МВт-қа арттыруға мүмкіндік берді. Қайта құру жұмыстарының жалпы құны – 5,7 млрд теңге. 2014 жылы №2 жаңа турбоагрегатты монтаждау



Қызмет түрі	Шығындар, млн теңге
ЭЛЕКТР ЖӘНЕ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫ ӨНДІРІСІ	18 645
Оның ішінде ірі шаралар:	
■ Павлодар 3-ЖЭО №5 Т-110/120-130 турбоагрегатын қайта құру	2 967
■ Павлодар 3-ЖЭО №4 Т-110/120-130 турбоагрегатын қайта құру	2 276
■ Павлодар 3-ЖЭО №2 ПТ-60-130-13 турбоагрегатын қайта құру	1 547
■ Петропавл 2-ЖЭО №5 турбоагрегатын ауыстыру	1 444
■ Петропавл 2-ЖЭО №8 қазандық агрегатын жаңғырту	1 223
■ Павлодар 3-ЖЭО күл үйіндісі 2-кезеңінің құрылысы	1 041
■ Петропавл 2-ЖЭО №1 турбоагрегатын ауыстыру	926
ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ	8 211
Оның ішінде ірі шаралар:	
■ «АЭҮК» АҚ электр желілерін қайта құру, жаңғырту және техникалық жарақтандыру	2 414
■ «ПЭТК» АҚ электр желілерін қайта құру, жаңғырту және техникалық жарақтандыру	1 482
■ ЭКЕАЖ және «ПЭТК» АҚ мәліметтер жинау және беру жүйесін құру	909
■ «СҚ ЭТК» АҚ электр желілерін қайта құру, жаңғырту және техникалық жарақтандыру	520
ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ	1 344
Оның ішінде ірі шаралар:	
■ Петропавл жылу желілерінде магистральді жылу желілерін алдын-ала оқшауланған құбыр желісін пайдалану арқылы қайта құру	744
■ Павлодар жылу желілерінде магистральді жылу желілерін алдын-ала оқшауланған құбыр желісін пайдалану арқылы қайта құру	283

жұмыстарын атқару шығындары 1,5 млрд теңгені құрады. Жобаны аяқтау 2015 жылдың маусым айына жоспарланған, атқарылған жұмыстар нәтижесінде белгіленген электр қуаты 5 МВт-қа, ал белгіленген жылу қуаты 72 Гкал-с-қа артады.

2015 жылға Павлодар 3-ЖЭО-нда Т-110/120–130 №4 турбоагрегатын қайта құру жоспарланған, бұл мақсатта қондырғылар мен материалдарды сатып алу толықтай жүргізілді.

Есептік жылда Корпорация 3-ЖЭО және 2-ЖЭО күл аулағыштарының 2-кезең құрылыс жұмыстарын жалғастырды. 2014 жылы басталған Тұз көлі табанындағы Екібастұз ЖЭО күл үйіндісінің 2-кезеңін жобалау жұмыстары аяқталды. Құрылыс-монтаж жұмыстары мердігермен тау жынысын әзірлеуді келісу мерзімдерінің ұзақтығына байланысты 2015 жылға шегерілді.

№5 жаңа градирняны монтаждау жұмыстарының шығындары 438 млн теңгені құрады. Жұмыстарды аяқтау 2015 жылға жоспарланған. Нәтижесінде 3-ЖЭО-ның жазғы мезгілде электр қуаты конденсаторлық турбиналардағы вакуумның жақсаруы есебінен артатын болады. Өз кезегінде бұл жазғы мезгілде электрлік қысымды алып жүру маңызын арттырады.

Есептік жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО №1 және №5 турбоагрегаттарын электр қуатын тиісінше 42-ден 63 МВт-қа және 33-тен 95 МВт-қа арттыру мақсатымен жаңғырту жұмыстарын бастады. Аталған турбиналарға қажетті қондырғылар мен материалдар сатып алынған. №1 турбоагрегатта іргетасты монтаждау және қондырғыны бөлшекті монтаждау жұмыстары атқарылса, №5 турбоагрегатта іргетасымен демонтаждау жұмыстары толық жүргізілді. Сондай-ақ, Петропавл 2-ЖЭО-нда 2014 жылдың күзінде жалпы инвестиция көлемі 5 млрд теңгеден асатын №8 жаңа қазандық агрегаты пайдалануға берілді. Нәтижесінде станцияның бу өндіру мүмкіндігі 270 т/с-қа артты. Жаңа қазандық агрегат станция жұмысының сенімділігі мен үнемділігін арттыруға мүмкіндік берді.

2014 жылы «ОАЭК» АҚ электр желілік тарату компанияларына 8,2 млрд теңге жұмсалды. Атқарылған шаралар есебінен 138,4 км 110–35 кВ қысым санатты электр беру әуе желілері және 10–0,4 кВ қысым санатты 78,9 км әуе және 31,4 км кабельді желілер қайта құрылды. Апат саны мен электр энергиясын ұрлау деректерін төмендету үшін 2014 жылы электр беру желілерінде жалпы ұзындығы 114,9 км жалаңаш сымды ӨОС (өздігінен берілетін оқшауланған сым) маркалы сыммен ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

2014 жылдың маңызды оқиғалары қатарында 30 шағын станциядағы қондырғыларды қайта құру жұмыстарын және электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесін (ЭКЕАЖ) қолданысқа енгізу жұмыстарын атауға болады: тұрғындардың 38 201 дана индукциялық есептегіші электронды түріне ауыстырылды. Егер 2005 жылы «ПЭТК» АҚ нормативтен тыс шығындары 3,6% болған болса, 2014 жылы ол 0,12%-ға қысқарды. Сонымен бірге «СҚ ЭТК» АҚ-нда нормативтен тыс шығындар 2010 жылы түгелдей жойылған. Инвестициялық шараларды жүзеге асыру болашақта «ПЭТК» АҚ техникалық шығындарын 0,4%-ға, «СҚ ЭТК» АҚ-нда – 0,7%-ға төмендетеді.

2014 жылы магистральді жылу желілерін қайта құруға 1,3 млрд теңге бағытталмақ. Павлодар және Екібастұзда 2014 жылы жалпы ұзындығы тиісінше 979 метр және 810 метр құбыр желісі оқшауланып қайта құрылды. Петропавл қаласында ұзындығы 1 028 метр құбыр желісіне қайта құру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, ескірген электр қондырғыларын тұрақты түрде ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Корпорацияның жылу беруші кәсіпорындарында жылу шығынын есептеу регуляторлары, өнеркәсіптік контроллерлар және механизм байланысына арналған модемдер, диспетчерлік қызметі бар бақылаушы, есептеуіш құралдар орнатылуда және магистральді құбыр желілерін тепловизиялық тексеру құралдары, ультрадыбыстық дефектоскоптар алынууда. Шараларды жоспарлы түрде жүзеге асыру желілердегі жалпы жылу шығындарын 8%-ға азайтып, жылына 225 мың тонна көмір үнемдеуге мүмкіндік береді.



«ОАЭК» АҚ
Директорлар кеңесі Төрағасы
Александр Яковлевич
Клебановтың үндеуі

Құрметті акционерлер мен серіктестер!

Сіздердің назарларыңызға «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ (ОАЭК) 2014 жылы қол жеткізген негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштерді ұсынады.

Есептік кезең Қазақстан өңірлерінде бизнесті жаңғырту және кеңейту бойынша стратегиялық маңызды жобаларды белсенді түрде жүзеге асырумен ерекшеленеді. 2014 жылдың басты оқиғасы ретінде «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ акцияларының 100% пакетін ОАЭК құрамына шоғырландыру процесін аяқтауды атауға болды, бұл Қазақстан нарығында аймақтық қатысуды кеңейтуге бағытталған даму стратегиясына сәйкес келеді. Әлбетте, «Ақмола ЭУК» АҚ өткізуші компания – «Астанаэнергосбыт» ЖШС-мен бірге «ОАЭК» АҚ компаниялар тобы құрамында жақсы синергия береді.

Өткен жылдардағыдай, Корпорация өндіріс тиімділігін арттыруға және активтерді жаңғыртуға бағытталған жобаларға аса мән береді. Қорларды жаңарту бойынша жобаларды жүзеге асыруда мемлекеттік шекті тарифтер бағдарламасы айтарлықтай роль ойнады. Аталған қаржыландыру көзінен бөлек, Корпорация есептік жыл ішінде несие қаражаттары мен өзіндік капиталды да тартқанын атап өту маңызды. 2009–2015 жылдарға арналып әзірленген стратегияға сәйкес, Корпорация 106 млрд теңге сомасына немесе жоспарланған инвестиция көлемінің 75%-ына шараларды жүзеге асырды. Инвестициялық бағдарламаның жоғары қарқыны 2014 жылы Корпорацияның Қазақстан энергетикалық компаниялары арасында сала бойынша капитал салымы жөнінен 3-орын иеленуін қамтамасыз етті. Өндірістік активтерді жоспарлы түрде жаңарту Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары және Астана қаласының тұрғындарын сапалы әрі үздіксіз энергиямен қамтамасыз ету міндетін жүзеге асыруға бағытталған.

2014 жылдың қараша айында жария еткен «Нұрлы жол – Путь в будущее» жаңа Жолдауында Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту саласын маңызды міндеттердің бірі ретінде атап өтіп, бұл салаға ірі институционалды инвесторларды тарту қажеттігін айтты. ОАЭК қызметі өзінің құрылған күнінен бастап, есептік кезеңді қоса алғанда, мұндай әріптестіктің жарқын мысалы болып табылады. Корпорация өзінің акционерлері – ЕҚДБ және Ислам инфрақұрылымдық қорымен бірге өндіріс, корпоративтік басқару және әлеуметтік сала бойынша халықаралық стандарттарды тәжірибеге енгізіп келеді.

Келер жылы Корпорация жылумен қамту саласын қоса алғанда, өндіріс қуаттылықтарын арттыру, беру инфрақұрылымын жаңғырту салаларында әріптестікті кеңейтуді жалғастыруды жоспарлап отыр. Корпорация стратегиясы Қазақстан Республикасы жаңа экономикалық саясатының аясындағы индустриалды және инфрақұрылымдық даму міндеттеріне толықтай сәйкес жүзеге асырылады.

Біз бәріміз бірге мықты Қазақстанды құрамыз!



«ОАЭК» АҚ Президенті
Еркін Адамияұлы
Әмірхановтың үндеуі

Құрметті серіктестер мен әріптестер!

Сала бойынша жалпы белгіленген қуат пен табыс көлемі жөнінен 2-орынды, сондай-ақ, капитал салымы бойынша 3-орынды иелене отыра, «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ (ОАЭК) 2014 жылы Қазақстанның энергетикалық секторында үздіктер қатарында табыла білді. Инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру 2014 жылы электр энергиясы өндірісінің көлемін 2009 жылмен салыстырғанда 12,6%-ға арттыруға мүмкіндік берсе, жылу энергиясы бойынша өсім 10%-ды құрады, сонымен бірге электр энергиясын берудегі шығындар 4,1%-ға, ал жылу энергиясы бойынша 0,4%-ға азайды.

Инвестициялық стратегия аясында ОАЭК 2014 жылы активтерді жаңғырту мен қайта құруға Корпорация стратегиясына сәйкес жоспарланған 192 млрд теңге жалпы соманың 28 млрд теңге бөлігін бағыттады. Шекті тарифтер бағдарламасына сәйкес, 2009–2015 жылдарға барлығы 78 млрд теңгенің инвестициясы жоспарланды, қазіргі таңда оның 80%-ы немесе 62 млрд теңге бөлігі орындалды, есептік жылы аталған бағдарлама бойынша 14,4 млрд теңгенің инвестициясы жүзеге асырылды.

Жыл қорытындысы бойынша ірі өндірістік нысандар: Павлодар 3-ЖЭО №5 турбоагрегат, Петропавл 2-ЖЭО №8 қазандық агрегат қатарға қосылды. Павлодар 3-ЖЭО-нда №2 жаңа турбина, 5 градирня, Петропавл 2-ЖЭО-нда №1 және 5 турбиналарды жаңғырту бойынша кең ауқымды жұмыстар атқарылды. Энергия беруші компанияларда энергоүнемдеу бағдарламасы жүргізіледі, ол энергия тасымалдауда кететін шығындарды азайтуға және тұтынушыларды энергиямен қамту сапасын арттыруға бағытталған электр және жылу энергиясын коммерциялық есептеу жүйесін автоматтандыру бойынша жобаларды қамтиды. 2014 жылы Корпорация құрамына біріккен «Ақмола ЭТК» АҚ өндірістік активтерді жаңғырту міндеттерімен толықтай қамтылған.

Негізгі міндеттердің бірі – өндіріс өсімі мен қоршаған ортаны қорғау мәселелері арасындағы балансты сақтау болып табылады: Корпорация кәсіпорындары 2014 жылы зиянды заттар шығарылымының шекті рұқсат етілген нормативтерінен асып түскен жоқ. Есептік жылдағы жұмыстың оң нәтижесі ретінде энергетикалық қазандық агрегаттардың күл аулау ПЭК-ін 99,5% деңгейінде ұстап тұруын атауға болады.

2014 жылы Корпорация әлеуметтік жауапкершілік принциптерін сақтайтынын танытты. Энергетика саласындағы ірі жұмыс беруші бола отырып, ОАЭК компаниялар тобы өндірісте әлеуметтік бағдарламаларды дамытып, сонымен бірге кәсіби даму, еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелеріне жоғары мән берді: 2014 жылы 10 мың қызметкерден тұратын ұжымның 5 мыңнан астамы оқу шарасынан өтті.

Корпорацияның барлық күші Астана қаласы мен Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарының тұрғындары және кәсіпорындары мен ұйымдарына энергиямен қамту бойынша сапалы қызмет көрсетуге бағытталды. 2015 жылы біз ішкі тиімділікті арттыру мен тұтынушылардың өмір сапасын жақсарту мақсатындағы жобаларды дамытуға және өзіміз қызмет ететін аймақтардың экономикалық дамуына жағдай жасау бойынша шараларды жалғастыратын боламыз.

Біздің активтерді жаңғыртуымыз – өңір дамуына қосқан үлесіміз!

ТАРИХЫ

2011 жыл

«ОАЭК» акционерлері қатарына екі ірі қаржылық институт – Азия және Ислам даму банкін біріктіретін Ислам инфрақұрылымдық қоры қосылды. Корпорацияның орналастырылған акцияларының жалпы санының 12,89%-ын сатып алу келіссөзі Ислам инфрақұрылымдық қорының құрылтайшысы Kaz Holdings Cooperatief U.A. (Амстердам) тарапымен жасалды.

2014 жыл

«ОАЭК» АҚ «Ақмола ЭҮК» АҚ акциясын 100% біріктірді: шілде айында «Ақмола ЭҮК» 51,59% акциясы «ОАЭК» АҚ жарғылық капиталына оның түп акционері – «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ тарапынан берілсе, қараша айында «ОАЭК» АҚ өз меншігіне «Ақмола ЭҮК» АҚ 48,41% акциясын иеленді.

Сатып алғаннан кейін «ОАЭК» АҚ акционерлік капиталы келесідей көрініс тапты:

- «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ – **64,62%**
- Еуропа қайта құру және даму банкі – **24,16%**
- Kaz Holdings Cooperatief U.A. – **11,22%**.

2009 жыл

Корпорацияның 24,99% акциясын иеленген Еуропалық қайта құру және даму банкі «ОАЭК» АҚ акционері болды.

2008 жыл

«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» Акционерлік Қоғамы («ОАЭК» АҚ) құрылды. Вертикалды түрде біріктірілген холдинг Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы энергиямен қамтамасыз етудің барлық буыны – өндіріс, тасымалдау және өткізуді қамтитын «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, сондай-ақ, Қазақстан орталығы – Астана қаласында «Астанаэнергосбыт» өткізуші компаниясын біріктіреді. Корпорацияның жалғыз құрылтайшысы тіркеу уақытында «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» болып табылды.

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

Электрді беру желілерінің ұзындығы, км

ЭБЖ түрлері	«ПЭТК» АҚ	«СҚ ЭТК» АҚ	«АЭҮК» АҚ	Барлығы
220 кВ	14,25	84,8		99,05
110 кВ	2 785,3	1 327,1	2 544,6	6 657
35 кВ	2 399,6	2 853,1	5 147,7	10 400,4
6–10 кВ	6 137,6	4 608,2	7 434,1	18 179,9
0,4 кВ	4 659,2	4 671	5 818,1	15 148,3
Барлығы:	15 996	13 544,2	20 944,5	50 484,7

Шағын станциялардың саны

Шағын станция түрлері	«ПЭТК» АҚ	«СҚ ЭТК» АҚ	«АЭҮК» АҚ	Барлығы
220 кВ	4	4	2	10
110 кВ	73	38	51	162
35 кВ	102	121	193	416
6–10 кВ	3 649	2 316	3 514	9 479
Барлығы:	3 828	2 479	3 760	10 067


Жылу желілерінің ұзындығы, км

«Павлодар жылу желілері» ЖШС	755,80
«Петропавл жылу желілері» ЖШС	233,35
Барлығы:	989,15


Өңірлер бойынша тұтынушылардың саны

Өңір	Электр энергиясы	Жылу энергиясы
Павлодар облысы	219 414	163 130
Солтүстік Қазақстан облысы	160 993	70 119
Астана қ.	214 489	193 314
Ақмола облысы	118 987	
Барлығы:	713 883	426 563

ТОП ҚҰРЫЛЫМЫ



ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ



«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» Акционерлік Қоғамы — Павлодар облысында және Павлодар қаласында қызмет ететін энергия ресурстарын өндіруші, тасымалдаушы және өткізуші кәсіпорындарды біріктіретін вертикалды түрде біріктірілген компания.

Электр станцияларының жалпы белгіленген электр қуаты 642 МВт, жылу энергиясы — 2 140 Гкал-с құрайды. Өндірісте пайдаланылатын негізгі шикізат — Екібастұз бассейнінің тас көмірі болып табылады.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 755 мың халқы бар, жалпы ауданы 124,8 мың км² болатын Павлодар облысы аумағын электрмен жабдықтайды. 2014 жылы электр энергиясын өндіру 3 348,51 млн кВт-с құрады.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ өндіретін электр энергиясы Павлодар, Қарағанды, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарына жеткізіледі. Электр беру желісінің ұзындығы 15 995,98 км құрайды. Жылу желілерінің жалпы ұзындығы 755,80 км.



«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» Акционерлік Қоғамы — Солтүстік Қазақстан облысында және Петропавл қаласында қызмет ететін энергия ресурстарын өндіруші, тасымалдаушы және өткізуші кәсіпорындарды біріктіретін вертикалды түрде біріктірілген компания.

Электр станцияларының жалпы белгіленген электр қуаты 434 МВт, жылу энергиясы — 791,65 Гкал-с құрайды. Өндірісте пайдаланылатын негізгі шикізат — Екібастұз бассейнінің тас көмірі болып табылады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 579 мың халқы бар, жалпы ауданы 97 993 мың км² болатын Солтүстік Қазақстан облысы аумағын электрмен жабдықтайды. 2014 жылы электр энергиясын өндіру 2 732 68 млн кВт-с құрады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ өндіретін электр энергиясы Қазақстанның солтүстік, орталық, шығыс, оңтүстік өңірлеріне жеткізіледі, болашақта электр энергиясын Ресейге, атап айтқанда Қорған және Омск облыстарына экспорттау мүмкіндігі туып отыр. Электр беру желісінің ұзындығы 13 544,20 км құрайды. Жылу желілерінің жалпы ұзындығы — 233,35 км.



«Астанаэнергосбыт» ЖШС

«Астанаэнергосбыт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылдың 30-қыркүйегінде тіркелген. Компанияның негізгі қызмет түрі — Астана қаласының тұтынушыларын электр және жылу энергиясымен жабдықтау болып табылады.

«Астанаэнергосбыт» ЖШС Астана қаласында электр энергиясы бойынша 204 980 жеке тұлға мен 9 509 заңды тұлғаға, жылу энергиясы бойынша 185 714 жеке тұлға мен 7 600 заңды тұлғаға қызмет көрсетеді. Қызмет көрсету аумағының жалпы ауданы — 72,2 мың га. Компанияны энергия ресурстарымен негізгі жабдықтаушы — «Астана-Энергия» АҚ (Астана қаласындағы 1-ЖЭО, 2-ЖЭО) болып табылады.

«Астанаэнергосбыт» ЖШС сатып алатын электр энергиясы тұтынушыларға келесі тасымалдаушы компаниялардың желілері арқылы жеткізіледі — «KEGOC» АҚ, «Ақмола электр желілік тарату компаниясы» АҚ, «Астана-ЭТК» АҚ. Ал жылу энергиясы — «Астана-Теплотранзит» АҚ арқылы жеткізіледі.

Тұтынушыларға қолайлы болуы үшін төлем қабылдайтын 8 пункт және «Астанаэнергосбыт» ЖШС Контакт-орталығы жұмыс жасайды. Контакт-орталық қызметіне бақылаушылардың келуіне тұрғындардан тапсырыс қабылдау және көп арналы «жедел желі» арқылы энергиямен қамту саласына қатысты тұтынушылардың барлық сұрақтарына жауап беру кіреді.



«Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ

Компанияның қызмет көрсету аясы — электр энергиясын беру және үлестіру бойынша қызмет көрсету болып табылады. Қызмет көрсету аумағының жалпы көлемі — 121,2 мың км², тұрғындар саны — 748 мың адамды құрайды. «АЭҮК» АҚ Ақмола облысының 14 әкімшілік ауданының аумағында орналасқан 0,4 кВ-110 кВ электр желілеріне қызмет көрсетеді.

«АЭҮК» АҚ Қазақстанның бірегей энергетикалық жүйесіне қосылған. Компания түрлі меншіктегі кәсіпорындар шоғырланған Қазақстанның өндірістік өңірі — Ақмола облысы ұйымдарының көпшілігін электр энергиясымен қамтамасыз етеді. «Ақмола ЭТК» еншілес компаниясы — «АЭҮК-Энергосбыт» ЖШС Ақмола облысы бойынша 118 987 тұтынушыға қызмет көрсетеді. Компания энергия ресурстарының негізгі жабдықтаушысы — «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС болып табылады.

РЕЙТИНГТЕР

Халықаралық Fitch Ratings рейтинг агенттігі 2014 жылы 26 маусымда Корпорацияға келесідей рейтингтерді берді:

- Шетелдік валютадағы Корпорация дефолтының ұзақмерзімді «BB-» рейтингі («РДЭ»), болжамы – «тұрақты»;
- Шетелдік валютадағы қысқамерзімді «B» РДЭ;
- Ұлттық валютадағы Корпорация дефолтының ұзақмерзімді «BB» рейтингі («РДЭ»), болжамы – «тұрақты»;
- Ұлттық ұзақмерзімді «BBB+ (kaz)» рейтингі, болжамы – «тұрақты»;

- Ұлттық валютадағы басым қамтамасыз етілмеген рейтинг «B+»;
- Ұлттық бағана бойынша басым қамтамасыз етілмеген рейтинг «BBB- (kaz)».

Кредиттік рейтинг

Корпорация еншілес кәсіпорындары қызметінің тұрақтылығы «Эксперт РА Қазақстан» рейтинг агенттігімен расталған:

- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ – **A+** (кредитке қабілеттілік деңгейі өте жоғары);
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ – **A+** (кредитке қабілеттілік деңгейі өте жоғары).

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Міндет

Тұтынушылардың өмір сапасын арттыру және қызмет ететін өңірлердің экономикалық дамуы үшін тұрғындарға, мекемелер мен ұйымдарға энергиямен қамту бойынша сапалы қызмет көрсету арқылы жағдай жасау.

Корпорация аталған міндетті өз қызметін халықаралық өндіріс, экология, денсаулық қорғау және әлеуметтік сала бойынша стандарттарына сай жүргізу арқылы жүзеге асырады.

Тиімділіктің негізін Корпорация қызметкерлері құрайды, олардың құндылығы – жоғары кәсібилігінде, командамен жұмыс жасай білуінде және нәтижеге қол жеткізе алуға ұмтылысында жатыр.

Көрініс

«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ – Қазақстанның жеке энергетикалық компанияларының ішінде көш басында.

Корпорация өз қызметін республиканың солтүстігінде өте ауыр климаттық жағдайларда жүзеге асырады.

Корпорация жеке бөлімшелердің (кәсіпорын топтарының) қарқынын, икемділігін топты орталықтан басқарудың тұрақтылығымен, сенімділігімен үйлестіре отырып, холдингтік құрылымның артықшылықтарын табысты пайдаланып келеді.

Корпорация қызметкерлері – биік мақсаттарды бағындырып келе жатқан кәсіби мамандар командасы. Корпорацияның тұтынушылармен және жеткізушілермен орнатқан серіктестік қарым-қатынасы құрмет-ізет және өзара жауапкершілік негізінде құрылған.

Стратегия

«ОАЭК» АҚ стратегиялық мақсаты – жоғары экологиялық талаптарды ұстана отырып, халықты үздіксіз әрі сапалы қызметпен қамтамасыз ететін тиімді жеке энергетикалық компания құру болып табылады. Мынадай басым бағыттар бойынша іс-шараларды жүзеге асыру арқылы аталған мақсатқа қол жеткізіледі.

«ОАЭК» АҚ стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудің негізгі бағыттары



ИННОВАЦИЯЛАР

Өндірістің техникалық деңгейін арттыру және негізгі өндірістік қорлар мен инфрақұрылымды жаңарту арқылы қолданыстағы энергетикалық активтерді дамыту

Болашағы бар инновациялық жобаларды енгізу, жаңа технологиялық шешімдерді жүзеге асыру



КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ

Өндірістік секторда және кәсіпорындарды басқаруда кадрлық құрамды жаңа тиімді технологияларға үздіксіз үйрету

Алға қойылған стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін Корпорация мынадай міндеттерді жүзеге асырады



инвестициялық бағдарламалар жүргізу, апаттылық қауіп-қатерлерін төмендету және жұмыссыз тұрып қалуға жол бермеу үшін электр өндіретін нысандардағы **жабдықтарды қайта жарақтау және жаңарту**



жылу және электр энергияларын тасымалдау кезінде **тым жоғары нормативтік шығындарды төмендету**



жылу және электр энергиясы бірліктерін өндіруге жұмсалатын **бөлшек шығындарды төмендету**



энергияны өндіру және тасымалдау кезінде үнемдеуші және **энергиялық тұрғыдан тиімді технологияларды** енгізу



басқару жүйелерін жетілдіру және экология, қызметкерлердің денсаулығын сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік салаларындағы халықаралық стандарт талаптарына **сәйкестіктің сертификатын** сақтау



қызметкерлердің **кәсіби деңгейін арттыру** мақсатында оларды үздіксіз оқыту



кәсіпорынды **басқарудың автоматтандырылған жүйесін** енгізу

ЭКОНОМИКАҒА ШОЛУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметінше, 2014 жылы жалпы ішкі өнім көлемі 38,7 трлн теңгені құрады. Өткен жылы өсім 6% болған болса, биылғы жылдық өсім көлемі – 4,3%. Өсім қарқынының төмендеуі мұнай бағасы мен Ресей Федерациясындағы саяси жағдайдың ықпалына ғана емес, сонымен бірге экономикадағы құрылымдық тұрақсыздыққа да байланысты.


2014 жылғы алдын-ала жарияланған мәліметтерге сәйкес, Қазақстан Республикасының экономикасын алға сүйреуші күш – қызмет көрсету саласы болып табылады. Экономикадағы физикалық тауарлар өндірісі 0,9%-ға артса, қызмет көрсету өндірісі 6,1%-ға жоғарылады.

Экономиканың мұнай-газ саласы өндіретін қосылған құн 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда, 3,6%-ға артып отыр. Бұл қысқару, шикізаттық емес эконо-

миканың өсімімен бірге, мұнай-газ саласының ЖІӨ құрылымында 2013 жылғы 21,6%-дан 2014 жылы 20,3%-ға сығылуына ықпал етті. 2014 жылы экономикалық өсім қарқынының баяулауы мұнай нарығындағы баға конъюктурасының нашарлауымен ғана емес, сондай-ақ, Қазақстан үшін маңызы зор салада қосылған құнның қысқаруына негіз болатын құрылымдық себептерге байланысты.


Экономиканың өзге шикізаттық салалары 2014 жылы шағын ғана өсім көрсетті. Тау-кен өндірісі саласындағы жалпы қосылған құнның өсімі 0,1% құрады. 2013 жылмен салыстырғанда, тауарлық өндірістің барлық бағыттарында өсім қарқынының баяулауы (жиынтық 0,2%-ға дейін) байқалады. Алайда энергетика саласындағы өндіріс өсімі 2014 жыл қорытындысы бойынша 2,3% құраса, құрылыс индустриясында бұл көрсеткіш – 4,1%.

Шынайы ЖІӨ мен ЖІӨ дефляторының өсім қарқыны



НАРЫҚТЫҚ ОРТАҒА ШОЛУ

Өнеркәсіп өндірісімен салыстырғандағы электр энергетикасы өндірісінің өсім қарқыны



Квартал бойынша есепке алғанда, электр энергетикасы өнеркәсіптік өндіріске қарағанда, жоғары өсім қарқынын көрсетеді және осылайша өзге салалардағы өндірістің қысқаруын шегереді. Бұдан бөлек, электр энергетикасы саласындағы өндірістің өсімі баға өсімімен қатар көрініс тауып отыр, бұл саланың тұрақтылығы мен оның қызметіне деген сұраныстың жоғарылығын көрсетеді.

тұрғысынан алғанда, тұтынудың жоғары қарқыны еңбекақы мен жұмыспен қамтылған адамдар санының өсімімен дәлелденеді. Шынайы еңбекақы жылдық маәнде 3,9%-ға өсті. Еңбекақымен бірге, ауыл шаруашылығы саласын есепке алмағанда, жұмыспен қамтылған адамадар саны 6,3%-ға өсті, 2013 жылы өсім 2,6% болған.

2014 жыл қорытындысы бойынша, тұрғындар банк жүйесінің кредиторлары болды – тұрғындардың екінші деңгейлі банктердегі таза депозиттері 103,6 млрд теңгені құрады. 2013 жылмен салыстырғанда жағдай айтарлықтай өзгерді, өйткені ол жылы тұрғындарды таза несиелеу көлемі 237,4 млрд теңгені құраған болатын.


Тұтыну нарығы мен еңбек нарығы

Экономикадағы бөлшектік тауар айналымының жылдық өсім қарқыны 2013 жылмен салыстырғандағы төмендеуге қарамастан, 11% құрады. Еңбек нарығы

А/ш өзге салаларда жұмыспен қамтылғандар саны мен еңбекақының өсімімен бірге бөлшектік тауар айналымы жоғары қарқынмен өсуде



Инфляциямен салыстырғандағы электр энергиясы тарифтері өсімінің жылдық қарқыны




2014 жылы тұтынушылық инфляция өткен жылмен салыстырғанда, жеделдеді. Кварталдық инфляция өзінің шекті мәніне 2014 жылдың 4-кварталында жетіп, 7,53% құрады. Елдегі инфляция іскерлік белсенділіктің төмендеуі аясындағы құрылымдық себептермен түсіндіріледі.

Ақша-кредиттік саясат

2014 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі монетарлық саясаттағы инфляциялық таргеттеуді имплементациялау ниетін жария етті, бұл жайлы «2020 жылға дейінгі ақша-кредиттік саясаттың негізгі бағыттарында» мәлімделген болатын. Ол реттеушіден монетарлық саясат пайыздық каналын қалыптастыруды талап етеді. Алайда инфляциядағы өзгерістер мен экономикадағы белсенділікке қарамастан, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі 2013 жылдың 1 сәуірінен жылдық 5,5% деңгейінде өзгеріссіз қалуда. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі монетарлық саясаттың құралы ретінде теңге девальвациясын шектеулі түрде қолданады.

Электр энергетикасындағы баға өсімінің қарқыны тұтынушылық инфляция қарқынынан жоғары. Электр энергиясы бағасының өсуі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 25 наурыздағы қаулысының аясында жүзеге асады, бұл қаулы шекті тарифтердің 2015 жылға дейінгі өсімі мен нақты деңгейін белгілейді. Қаулы өндіруші компаниялардың жабдықтарды жаңғыртуға бағытталған инвестициялық бағдарламаларды орындау бойынша міндеттемелерін қарастырады.

Нақты ақша мен ақша базасының инфляциямен салыстырғандағы өсім қарқыны



2014 жыл ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі айналымнан нақты ақшаны алып тастауды жүзеге асырып, оны Қазақстан Республикасы Ұлттық банкідегі банктік депозиттер арқылы қаржылық институттар алдындағы нақты емес ақша міндеттемелерімен ауыстырды. Нақтылағанда, ақша агрегаты – экономикадағы нақты ақша 2014 жылдың әр кварталында қысқарып отырды, ол нақты ақша көлемінің жылдық 7,5%-ға қысқаруынан көрініс тапты. Құрамында нақты ақша мен Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіде корреспонденттік банк есепшоты бар ақша базасының кең көрсеткіші жыл ішінде 22,8%-ға кеңейді. Теңге өтімділігінің қысқаруы шетелдік валюта ролінің күшеюі мен ақша мультипликаторының тасасында жүзеге асты. Ақша массасының кварталдық орташа өсімі 2014 жылы өткен жылмен салыстырғанда, 15,2% құрады.

2015 жылға болжам

Ұлттық банк мәліметі бойынша, қысқарған перспективада 2015 жылы Қазақстан ЖІӨ өсім қарқыны 2%-ға дейін төмендейді, Ұлттық экономика министрлігінің мәліметінше, Қазақстан Республикасы

ЖІӨ өсімінің қарқыны 1,5%-дан аспайды. 2016 жылы 3%-ға дейін жоғарылау орын алуы мүмкін: ЖІӨ өсімі қарқынының төмен болжамдары Ресейдегі рецессияның Қазақстан экономикасына ықпалы мен мұнай индустриясының өсуіне екпін беретін мұнай бағасының төмен болуымен байланысты.

Қазақстан экономикасы өсімінің болжамы

Дереккөз	2015 ж.	2016 ж.
Халықаралық валюта қоры (мамыр 2015)	2,0%	3,1%
ҚР Ұлттық экономика министрлігі (ақпан 2015)	1,5%	2,2%
Дүниежүзілік банк (мамыр 2015)	1,3%	2,8%
Еуропалық қайта құру және даму банкі (мамыр 2015)	1,5%	2,0%

Дереккөз: ҚР Ұлттық банкі




ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНА ШОЛУ

Энергетика саласы электр және жылу энергиясын өндіру, беру және онымен жабдықтауды қамтиды және ел экономикасының негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасы экономикасы үшін электр энергетиканың маңызы зор, өйткені мемлекеттің

металлургия, мұнай мен газ өндіру секілді негізгі салалары жоғары энергосыйымдылықпен сипатталады. Тиісінше, Қазақстан ауыр өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігі мен тұрғындардың өмір сүру сапасы тұрғындарды қолайлы бағада сенімді де сапалы

ҚР электр және жылу энергиясы өндірісінің динамикасы, %



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

энергиямен қамтуға тікелей тәуелді. Энергетика саласы 2010-2014 жылдарға арналған Мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясындағы басым салалардың біріне жатады.

2014 жылы электр энергиясы өндірісінің 2013 жылмен салыстырғанда өсуі электр энергиясының бу турбиналы электр станцияларында 1 150,9 млн кВт-с-қа (1,5%), су электр станцияларында 534,8 млн кВт-с-қа (+6,9%), газ-турбиналы электр станцияларында 270,1 млн кВт-с-қа (+4,1%) артуы есебінен орын алды.


Электр энергиясын өндіру

2014 жыл қорытындысы бойынша, Қазақстан Республикасы бірыңғай энергетикалық жүйесінде (бұдан әрі – БЭЖ) электр энергиясын 81 электр станциясы өндіреді. Республиканың ірі электр станцияларына Екібастұз 1-МАЭС, «Еуроазиялық энергетикалық корпорация» АҚ электр желілері (Ақсу МАЭС) және Екібастұз 2-МАЭС жатады.

2015 жылдың 1 қаңтарында республика бойынша белгіленген электр қуаты 20 844,2 МВт («ОАЭК» АҚ үлесі 5,16% немесе 1 076 МВт) құрады. Электр станцияларының иеліктегі қуаты қысқы кезеңде 16 945,4 МВт болса, жазғы уақытта 16 937,7 МВт.

Отын түрі бойынша өндіріс көздерінің үлесі төмендегіше бөлінеді: көмір – 64%, газ және мазут – 16,1%, газ – 7,4%, су электр станциялары (кіші СЭС қоспағанда) – 12%, ЭСК (кіші СЭС қоса алғанда) – 0,5%. Оның тек 0,04% жел және күн электростанцияларына тиесілі. Қазақстандағы электр энергия өндірісі 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 2,1%-ға өсіп, 93 935,2 млн кВт-с («ОАЭК» АҚ бойынша өндіріс 6 081 млн кВт-с немесе 2014 жылы елде өндірілген электр энергиясының 6,47%-ы) құрады, оның ішінде жылу бу турбиналы электр станцияларында – 78 772,9 млн кВт-с (83,86%), су электр станцияларында – 8 235,8 млн кВт-с (8,77%), газ-турбиналы электр станцияларында – 6 915,9 млн кВт-с (7,36%), жел және күн электр станцияларында – 10,6 млн кВт-с (0,01%).


ҚР электр энергиясы өндірісінің өңірлік құрылымы



- Павлодар облысы
- Қарағанды облысы
- ШҚО
- Маңғыстау облысы
- Атырау облысы
- Өзгелер

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

ҚР электр энергиясы өндірісі мен ағыны



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Электр станцияларына шаққанда, 2013 жылмен салыстырғанда электр энергиясы өндірісі айтарлықтай өскен станциялар:

- «Еуроазиялық энергетикалық корпорация» АҚ – өсім 1 187,9 млн кВт·с немесе 7,8%;
- Жамбыл МАЭС – өсім 925,9 млн кВт·с немесе 58,1%;
- Екібастұз 1-МАЭС – өсім 604,4 млн кВт·с немесе 4,5%;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО («ОАЭК» АҚ) – өсім 129,6 млн кВт·с немесе 5,0%.

2014 жылы Қазақстанда электр энергиясын тұтыну бойынша 2013 жылмен салыстырғанда, өсім 2,3% құрап, 91 660,9 млн кВт·с болды.

Энергетикалық қатынаста Қазақстан Республикасы аумағы 3 аймаққа бөлінеді: Солтүстік, Оңтүстік және Батыс. 7 облысты қамтитын Солтүстік аймақ Қазақстанның бірыңғай энергожүйесінің (БЭЖ) орталығы болып табылады, мұнда Қазақстан БЭЖ мен Ресей БЭЖ-ін байланыстыратын 220–500–1150 кВ дамыған электр желілері мен электр энергиясы көздерінің басым бөлігі (70,4%) шоғырланған. 4 облысты қамтитын Оңтүстік аймақ жалпы желі бойынша біріккен және Қырғызстан мен Өзбекстанмен дамыған электр байланысына ие. 3 облысты қамтитын Батыс аймағы өзінің географиялық орналасуына және электр байланыстарының болмауына орай, Қазақстан БЭЖ басқа бөліктерінен оқшау жұмыс жасайды және онымен бірыңғай технологиялық процеспен байланыста емес.

2014 жылы Қазақстан БЭЖ бойынша электр энергия өндірісі тұтынадан 2 274,3 млн кВт·с-қа артық болды.

2014 жылы электр энергиясы экспорты 3,85 млрд кВт·с құрап, 2013 жыл көрсеткішінен 7% төмен болды. Ақшалай көрсеткіште экспортталған электр энергиясы 114 млн доллар шамасында, тиісінше

2013 жылдың балама көрсеткішінен 9% кем. Электр энергиясы экспортының төмендеуіне Ресей рублінің долларға және қазақстандық теңгеге шаққандағы курсының төмендеуіне байланысты Ресейге электр энергиясын жеткізу көлемінің қысқаруы себеп. 2014 жылы 1,74 млрд кВт·с электр энергиясы импортталды, бұл 2013 жыл көрсеткішінен 12%-ға төмен. Тиісінше, өткен жылмен салыстырғанда, электр энергиясын импорттау шығындары 15%-ға кеміп, ол 92,4 млн АҚШ долларын құрады. Электр энергиясы импортының төмендеуіне Қазақстан Ұлттық электр жүйесін (ҰЭЖ) жаңғыртудың 1, 2 кезеңдерін орындау және өндіріс қуаттарының артуына байланысты электр энергиясын ішкі тұтынуды қамтамасыз етудің өсуі себеп. Осылайша, Оңтүстік аймақтың елдің энергия көздерінен тұтынуы 1 233,5 млн кВт·с-қа, Батыс аймақтың тұтынуы – 707,6 млн кВт·с-қа, тиісінше 6,6% және 6,9%-ға артты.

Электр энергиясын беру және тарату

Қазақстан бірыңғай электроэнергетикалық жүйесінде жүйеқұраушы желі қызметін ҰЭЖ атқарады, оның қызметтеріне республика өңірлері арасында және шекаралас елдердің (Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы) энергожүйелерімен электр байланысын қамтамасыз ету, сондай-ақ электр станциялары тарапынан электр энергиясын шығару және оны тұтынушыларға жеткізу жатады. ҰЭЖ жұмысын Ұлттық оператор – «KEGOC» АҚ атқарады.

«KEGOC» АҚ еншісінде – жалпы ұзындығы 24,4 мың км (тізбекті) 35–1150 кВ қысымды 297 электр беру желілері бар. Сондай-ақ, компания балансына 35–1150 қысымды 76 электр шағын станциясы тиесілі.



Қазақстанда электр энергиясын таратумен 20 өңірлік энергетикалық компаниялар (бұдан әрі – ЭТК) және қысымы 0,4–220 кВ өңірлік деңгейіндегі электр желілерін бақылайтын 150-ге жуық шағын таратушы компаниялар айналысады.

ЭТК бір бөлігі жеке компаниялардың еншісінде, бірнеше ЭТК «Самұрық-Энерго» АҚ ұлттық компаниясына толықтай және бөлшектеп тиесілі («Алатау Жарық Компаниясы» АҚ – 100%, «Шығыс Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ – 100%, «Маңғыстау электр желілік тарату компаниясы» АҚ – 75% +1 акция).

БЭС желілеріндегі тұтынушылықтың ең жоғарғы нүктесі күзгі-қысқы кезеңге сәйкес келеді. 2013–2014 жылғы күзгі-қысқы кезеңде 13 290 МВт энергия тұтынылса, 2014–2015 жылғы күзгі-қысқы кезеңде 13 586 МВт энергия тұтынылды.

Жылу өндіру мен тарату

Қазақстанда жылу энергиясы 40 ЖЭО, 28 ірі пеш (жылу қуаттылығы 100 Гкал·с-тан астам) пен 5,6 мың шағын пеште (қуаттылығы 100 Гкал·с-тан төмен) жүзеге асырылады. ЖЭО-нда 45% жылу өндірілсе, ірі пештер 35%, шағын пештер 20% жылу өндіреді. Қазақстан Республикасы жылу желілерінің ұзындығы екі құбырлы есептеуде 12 мың км («ОАЭК» АҚ 989,15 км немесе 8,2% бақылайды) болады. Пештер мен жылу желілерінің басым бөлігі мемлекеттік меншікте.


2014 жылы Қазақстанда 97,6 млн Гкал жылу энергиясы («ОАЭК» АҚ үлесі – 6,6 млн Гкал немесе 6,76%) өндірілді.

2014 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі 2014–2020 жылдарға арналған Жылу желілерін жаңғырту жоспарын бекітті. Жаңғырту жоспарында 400 мың Гкал-дан астам жылу энергиясын тасымалдайтын жылу желілерін, дәлірек айтқанда, Астана, Алматы қалаларын, облыс орталықтарын жылумен қамтамасыз ететін және ел экономикасына мультипликативті ықпал ететін 17 субъекті нүктелік инвестициялау қарастырылған. Жоспарға сәйкес, 6 мың км жуық негізгі жылу желілерінің 1 265 км, немесе 21%-ы ауыстырылады. Осылайша, 2020 жылға қарай желілердің тозуы 71-ден 55%-ға, ал нормативті шығындар 20–25-тен 17%-ға төмендейтін болады.

Электр және жылу энергиясының тарифтері

Қазақстанда электр энергиясын өндіру, беру және өткізуді мемлекет реттейді. Электр энергиясын өндірудің 2009–2015 жылдарға арналған шекті тарифтері Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілген (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 25 наурыздағы №392 қаулысы).

2013 жылға дейін электр энергиясын беру тарифі компанияның энергияны беру және тарату сметалық шығындарына сәйкес белгіленген. 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап ТМРА Төрағасының Бұйрығына сәйкес, электр энергиясын беру тарифтерін қалыптастырудың салыстырмалы талдау әдістемесі (бенчмаркинг) бекітілді. Тарифтер үш жылға жыл сайынғы түзеу мүмкіндігімен бекітіледі.



2016 жылғы 1 қаңтардан бастап Заңдағы өзгерістерге сәйкес, электр желілік компаниялар 5 жылдық шекті тарифтер бойынша тариф қалыптастыру жүйесіне өтеді.

Табиғи монополия субъекттерінің инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында 2014 жылғы 24 маусымда Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Заңына (бұдан әрі – «Заң») өзгерістер енгізілді. Өзгерістерге сәйкес, жылу энергиясын өндіру және тасымалдауды жүзеге асыратын табиғи монополия субъекттеріне ұзақмерзімді кезеңге – 5 және одан да көп жылға шекті тарифтер бекітілді.

Қазақстанда жылу энергиясы тарифтері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті тарапынан Тарифтерді есептеу немесе олардың табиғи монополия субъекттерінің жылу энергиясымен қамтамасыз ету реттелетін қызметтерінің шекті деңгейі әдістемесіне сәйкес бекітіледі, сөйтіп, тұтынушыда жалпыүйлік энергия есептеу құралының бар-жоғына орай, дифференциация принципі бойынша есептеледі.


Мұндай реттеуші шаралар тариф құрамындағы инвестициялық бөліктің есебінен, электроэнергетикалық кәсіпорындардың өндіріс-шаруашылық қызметіне және Қазақстан экономикасының дамуына оң әсер береді.

Инвестициялық жобалар

2014 жыл қорытындысы бойынша, республика электр станцияларының жалпы белгіленген қуаты 19 578 МВт құрады (Екібастұз 1-МАЭС 1, 2 энергоблоктарын есепке алмағанда, KEGOC мәліметтері). Бір жыл бұрын бұл көрсеткіш 19 592 МВт болған.

2014 жылғы желтоқсанның соңында Екібастұз 1-МАЭС-да №2 энергоблок өз жұмысын бастап, станцияның жалпы белгіленген электр қуатын 500 МВт-қа арттырды, Теміртау 1-ЖЭО-нда 60 МВт енгізілсе,

Энергиямен қамту, бу беру және әуе кондициясы салаларына салынған инвестиция көлемі



Маңғыстау облысында қуаттылығы 90 МВт «Қаламқас» МЖЭС пайдалануға берілді. Елдің энергиялық мүмкіндігінің артуына Ақтөбе облысында 56-ЖМЖЭС (16 МВт) және Атырау облысында Қашаған ЭЖ (70 МВт) өз үлесін қосып, «Қазатомөнеркәсіп» АҚ СКЗ-У қуаттылығы 18,5 МВт станция іске қосылды. Павлодар 3-ЖЭО белгіленген электр қуаты №5 турбоагрегатты жаңғырту есебінен 15 МВт-қа артты.

Электр энергиясын беру саласында KEGOC үш ірі инвестициялық жобаны жүзеге асырды: «ҰЭС жаңғырту, II кезең», «Қысымы 500, 220 кВ желілермен Қазақстан ҰЭС қосу арқылы 500 кВ "Алма" шағын станциясын салу», «220 кВ ЦГПП-Осакаровка әуе желілерін қайта құру».

2016–2030 жылдар аралығында электр желілерін жаңарту, жаңғырту және құруға салынатын инвестицияның жалпы көлемі 2,5 трлн теңгені (2011 жылдың бағамы) құрайды, оның 0,8 трлн теңгесі магистральді желілерге, 1,7 трлн теңгесі тарату желілеріне жұмсалады.

Нарықтың даму перспективасы

2014 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі 2030 жылға дейінгі Отын-энергетикалық кешенін (ОЭК) дамыту концепциясын қабылдады. ОЭК дамуының негізгі бағыттары айқындалған:

- электроэнергетикалық қондырғылардың орташа тозу деңгейін айтарлықтай төмендету;
- Қазақстан Республикасы электроэнергетикасына алдағы 15 жыл ішінде 7,5 трлн теңге тарту;
- электр энергиясын соңғы тұтынушыға қалыпты тариф өсімін қамтамасыз ету;
- елдің бірыңғай энергетикалық жүйесінің тәуелсіздігі мен тұтастығын қамтамасыз ету.

Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін төмендегі шараларды жүзеге асыру көзделіп отыр:

- өндірістік қондырғылардың тиімділігін арттыруға стимул беретін, инвестициялардан қажетті табысты алуға мүмкіндік беретін және сапалы, әрі сенімді энергоқамтуға негіз болатын (экологияны жақсарту талаптарын қоса алғанда) электр энергиясы мен қуаттылықтары көтерме нарығы моделін енгізу;
- энергия өндіруші ұйымдардың қолданыстағы тариф қалыптастыру жүйесін түбегейлі өзгерту, ол электр энергиясы мен қуаттылығын сатып алу-сату нарығында энергетикалық кәсіпорындар меншік иелеріне тиімділікті арттыруға стимул беретін және инвестициядан қажетті табыс алуға мүмкіндік жасайтын ұзақмерзімді келісімшарттар жасауға мүмкіндік береді;

Қазақстан БЭС 2030 жылға дейінгі қуаттылығының болжамдық теңгерімі



Дереккөз: ҚР Энергетика министрлігі

- электр және жылу энергиясын өндіру мен беру саласында 2030 жылға дейінгі ұзақмерзімді тарифтерді әзірлеу мүмкіндігін қарастыру;
- энергоқамтушы ұйымдар (ЭҚҰ) ақпаратын ашу талаптарын арттыру және барлық тұтынушыларға қолжетімді бірыңғай ақпараттық порталда орналастыру;
- саланы мемлекеттік басқарудың тиімсіз шараларын өзгерту;
- электр энергиясын тарату және электр энергиясымен қамтамасыз ету салаларында ойыншылардың іріленуіне стимул беру есебінен ұйымдық құрылымды оңтайландыру;
- жылу энергиясын өндіру және беру саласының дамуына үлес қосатын сала субъекттері арасындағы экономикалық және құқықтық қарым-қатынастың жаңа жүйесін құру.

Концепцияның базалық индикаторы – Қазақстан Республикасының ЖІӨ энергосыйымдылығын төмендету деңгейі: 2015 жылы экономиканың энергосыйымдылығы 2008 жылғы деңгейден 10%, ал 2020 жылы – 25%, 2030 жылы – 30% төмендеуі тиіс.

ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

2014 жылы Корпорация негізгі өндірістік активтерді жаңғырту мен қайта құруды жалғастырды. Жобаларды жүзеге асыру арқасында белгіленген электр және жылу қуаттары бойынша келесі өзгерістер орын алды:

- Павлодар 3-ЖЭО-нда 2014 жылдың желтоқсанында белгіленген электр қуаты 125 МВт және белгіленген жылу қуаты 188 Гкал-с №5 Т-120/130–130 турбоагрегаты пайдалануға берілді, бұрын турбоагрегаттың белгіленген электр қуаты 110 МВт, жылу қуаты – 160 Гкал-с болатын, 3-ЖЭО бойынша өсім 15 МВт құрап, 505-тен 520 МВт-қа, жылу қуаты – 28 Гкал-с-қа артты.
- Екібастұз ЖЭО-нда 2014 жылы белгіленген жылу қуаты 58 Гкал-с №6 Е-90–3,9–440КТ қазандық агрегаты пайдалануға берілді, бұрын ол белгіленген жылу қуаты 48 Гкал-с БКЗ-75–39ФБ типті қазандық агрегат болатын, жылу қуаты 10 Гкал-с-қа артты.

2014 жылы электр қуатының өндіріс көлемі 2013 жылмен салыстырғанда 0,9%-ға қысқарды. Өндіріс көлемінің азаюы №5 турбоагрегатты және 3-ЖЭО №3 қазандық агрегатты қайта құру жұмыстарының кешігуімен, 3-ЖЭО №6 қазандық агрегатты күрделі

жөндеуден шығарудың кешігуімен және Екібастұз ЖЭО №1 турбоагрегатты жоспардан тыс жөндеумен байланысты.

Жылу энергиясы өндірісінің көлемі 2014 жылы 6 605,2 мың Гкал-ды құрап, 2013 жылмен салыстырғанда, 7,7%-ға артты. Өсімнің басты себептері – электростанциялар «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ жылу желілері температура графигіне (сыртқы ауа температурасына орай, ЖЭО үшін график бойынша жылу қысымы беріледі, ол белгіленген температура мен тіке және қайтарушы жылу магистральдеріндегі желілік су шығындары бойынша анықталады) сәйкес тапсырыс берген жылу қысымының жылу беру маусымы бойында қамтамасыз етілуі, сондай-ақ, жаңа тұтынушылардың жылу энергиясына қосылуы болып табылады.

Электр және жылу энергиясын тасымалдау және тарту көлемі Корпорация құрамына «АЭУК» АҚ-ның бірігуі есебінен электр энергиясы бойынша 68%-ға артты.

Қазақстан электроэнергия өндірісіндегі «ОАЭК» АҚ үлесі 0,3%-ды құрады, ол 2014 жылы Қазақстанда 2013 жылмен салыстырғанда электр энергиясының 2,1%-ға артық өндірілуімен байланысты.

Негізгі өндірістік көрсеткіштер

Атауы	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
Белгіленген электр қуаты, МВт	974	1 061	1 076
Электр энергиясын өндіру, млн кВт-с	5 572	6 137	6 081
Электр энергиясын тасымалдау, млн кВт-с	3 434	5 769	5 816
Электр энергиясын тауарлы босату, млн кВт-с	6 547	7 154	7 357
Қазақстандық электр энергиясы өндірісіндегі үлесі, %	6,2	6,7	6,4
Белгіленген жылу қуаты, Гкал	2 881	2 895	2 932
Жылу энергиясын өндіру, мың Гкал	6 454	6 132	6 605
Жылу энергиясын тасымалдау, мың Гкал	4 435	4 408	4 625
Жылу энергиясын тауарлы босату, мың Гкал	9 837	9 567	10 448

ҚЫЗМЕТ
НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ



Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру нәтижелері

«ОАЭК» АҚ-ның стратегиялық дамуындағы негізгі аспектілердің бірі — негізгі қорларды жаңарту арқылы өндірістің тиімділігін арттыру болып табылады. Корпорация негізгі жабдықтарды жаңарту және қайта құрудың ауқымды инвестициялық бағдарламасын жүзеге асырады, ондағы мақсат — өндіретін активтердің қуатын арттыру және олардың жұмыс істеуінің сенімділігін, энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуін арттыру, сондай-ақ, өндірістің экологиялық параметрлерін жақсарту болып табылады. **«ОАЭК» АҚ аталмыш салада капитал салымдарының көлемі бойынша 3-орынға ие, 2009–2020 жылдарға жоспарланған инвестиция көлемі 192 млрд теңгені құрайды.**

Инвестициялық бағдарлама нәтижесінде өндіруші станциялардағы жабдықтардың тозуы 80-нен 39%-ға дейін төмендейді, толығымен жаңартылған өндірістік активтердің үлесі 63%-ды құрайды, белгіленген қуат 25%-ға ұлғаяды, зиян қалдықтардың мөлшері 30%-ға төмендейді, Корпорация нормативтен тыс шығындардан толық құтылады.

Инвестициялық бағдарлама аясында мынадай үш бағыт бойынша шараларды жүзеге асыру болжанған:

- өндірісті ұлғайту;
- энергияны үнемдеу, оған беру кезіндегі электр және жылу энергияларының шығынын төмендету;
- өндірістің экологиялық параметрлерін жақсарту.

Инвестициялық шараларды жүзеге асыру кезеңінде 2014 жылдың 31 желтоқсанында «ОАЭК» АҚ нысандарында мынадай бағыттарда жұмыстар атқарылды.

Өндірісті ұлғайту

Павлодар 3-ЖЭО жаңа № 1 қазандық агрегаты мен № 1 турбоагрегаты құрастырылды. №1 турбоагрегатты пайдалануға беру станциядағы белгіленген қуатты 65 МВт-қа, яғни 440-тан 505 МВт-қа дейін ұлғайтты. Оны Жылу энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесімен (ЖКЕАЖ) жабдықтау үнемді әрі қауіпсіз жұмыс істеу режимін енгізуге, бу мен жылытудың белгіленген параметрлерін автоматты режимде ұстауға, жабдықтың температуралық режимін сақтауға және белгіленген жүктемені тұрақты ұстап тұруға мүмкіндік берді.

2014 жылдың желтоқсанында №5 турбоагрегат пайдалануға берілді, ол белгіленген электр қуатын 15 МВт-қа, 505-тен 520 МВт-қа арттыруға жол ашты.

2012 жылы Павлодар 2ЖЭО № 2 жаңа градирня пайдалануға берілді, бұл электр энергиясын конденсациялық режимде өндіру бойынша шектеуді алып тастауға мүмкіндік берді. 2009 жылдың мамыр айында Екібастұз ЖЭО белгіленген электр қуаты 12 МВт болатын, электр энергиясын жылыту үшін тұтынуға арналған № 1 турбина пайдалануға берілді, бұл өндірілген электр энергиясын станцияның жеке қажеттіліктеріне жаратуға мүмкіндік берді. 2011–2014 жылдары Павлодар 2-ЖЭО, 3-ЖЭО және Екібастұз ЖЭО-нда 4 қазандық агрегат қайта құрылды, соның арқасында сенімділік пен өнімділікті арттыруға мүмкіндік туды.



Петропавлдағы 2-ЖЭО № 6, 7 қазандық агрегаттарын толық жаңарту жұмыстары жүзеге асырылды. 2013 жылы мұнда турбинаның қуаты 2 есе ұлғайтылған №4 турбогенераторды қайта құру және жаңарту бойынша жоба аяқталды. Жаңа қондырғыны орнату станцияның белгіленген электр қуатын 30 МВт-қа, 404-тен 434 МВт-қа арттыруға мүмкіндік берді. Қазіргі таңда №№1, 5 турбоагрегаттарын жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр, нәтижесінде станцияның белгіленген электр қуаты 83 МВт-қа, 434-тен 517 МВт-қа артады.

Электр және жылу энергиясы шығындарын азайту

«ОАЭК» АҚ-нда тұрақты түрде тасымалдауда кететін электр және жылу энергиясы шығындарын азайтуға, сондай-ақ, тұтынушыларды аталған энергия түрлерімен қамтуға бағытталған шаралар кешені жүзеге асырылады.

Инвестициялық бағдарлама аясында «ОАЭК» АҚ-ның электр желілерін тарату компанияларында 110–35 кВ класты 138,4 км электр таратушы әуе желілерін қайта құру жүргізілді. Сонымен қатар, 10–0,4 кВ класты 78,9 км әуе және 31,4 км кабельдік желілер қайта құрылды. Электр энергиясын ұрлауды және апаттық жағдайларды азайту үшін 2004 жылы ұзындығы 114,9 км болатын жалаң сымды өздігінен берілетін оқшауланған сымға (ӨОС) ауыстыру жүргізілді.

2014 жылдың өзге маңызды оқиғалары қатарында 30 шағын станциядағы қондырғыларды қайта құру жұмыстары мен электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесін (ЭКЕАЖ) атауға болады.

Энергияны үнемдеу бағдарламасы аясында тұтынушылардың индукциялық есептегіштерін электронды түрге ауыстыру жүзеге асырылуда. 2014 жылы 38 201 есептегіш ауыстырылды.

Аталған шаралар кешені электр желілеріндегі шығынды жыл сайынғы негізде азайтуға мүмкіндік береді. Егер 2005 жылы «ПЭТК» АҚ нормативтен тыс шығыны 3,6% құраса, 2014 жылы бұл 0,12%-ға дейін төмендеген. «СҚ ЭТК» АҚ-нда нормативтен тыс шығын 2010 жылы толығымен жойылған. Сонымен қатар, инвестициялық шараларды жүзеге асыру «ПЭТК» АҚ шығынын 0,4%-ға, «СҚ ЭТК» АҚ шығынын 0,7%-ға төмендетуге мүмкіндік береді.

Жылу энергиясының шығынын төмендету бойынша негізгі шаралар Павлодар, Екібастұз және Петропавл қалаларындағы орталықтандырылған жылумен қамту желілерін қалпына келтіру және жетілдіруге бағытталған, мұндағы мақсат жылумен қамту сенімділігін, энергияны пайдалану тиімділігін арттыру, шығындарды төмендету және экологиялық стандарттарды жақсарту (желілерге беру кезінде жылу шығынының төмендеуіне байланысты көмір шығынын үнемдеу есебінен CO₂ қалдықтарының төмендеуі) болып табылады. Аталмыш бағыт бойынша инвестициялық шараларды қаржыландыру Таза технологиялар қорымен бірлесіп, ЕҚДБ берген кредит есебінен жүзеге асырылуда.

Жылу энергиясын тасымалдауда кететін шығындарды азайту үшін негізгі шаралар үш бағытта жүргізіледі. Біріншісі — Павлодар, Петропавл және Екібастұз қалаларындағы жылумен қамтудың сенімділігін арттыру.

Екінші бағыт — нормативті және нормативтен тыс шығындарды азайту (пенополиуретанды қаптамамен оқшауланған құбырларды пайдалану арқылы).
 Үшінші бағыт — «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарында жылу энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтан-дырылған жүйесін (ЖКЕАЖ) қолданысқа енгізу.

Бұл бағыттар бойынша жұмыстар кешенді түрде жүргізіліп келеді. Осылайша, бірінші және екінші бағыттарға ескірген жылу желілерін қайта құру, ППУ құбырларын пайдалану арқылы жаңа жылу магистральдерінің құрылысы бойынша жұмыстар кіреді. Павлодар және Екібастұз қалаларында 2014 жылы магистральді жылу желілерін алдын-ала оқшауланған жалпы ұзындығы сәйкесінше 979 метр және 810 метр болатын құбырларды пайдалану арқылы қайта құру жұмыстары жүргізілді. Петропавл қаласында ұзындығы 1 800 метр құбыр желісі оқшауланған құбыр желісін пайдалану арқылы қайта құрылып, 1 500 метр құбыр желісін қаптамамен қап-пына келтірілді. Сондай-ақ, электр қондырғыларын ауыстыру бойынша тұрақты түрде жұмыстар жүр-гізілуде. Бұл шаралар жылу энергиясын беру тарифі есебінен жүзеге асырылады.

ЕҚДБ несие шенберінде 2011–2014 жылдары «ОАЭК» АҚ жылу беруші кәсіпорындары жылу желілерін жаңғырту бойынша келесі жұмыстар жүр-гізді: Павлодар қаласында — 15 776 метр, Петропавл-да — 9 120 метр құбыр желісі толықтай жаңартылды. Сондай-ақ, Павлодарда 7 294 метр, Петропавлда — 7 640 метр құбырдың қаптамамен ауыстырылды.

Корпорацияның жылу беретін кәсіпорындарында жылу шығынын автоматты реттеуші, өнеркәсіптік бақылаушылар және диспетчерлік қызметі бар тетік-тер мен бақылау-өлшеу аспаптарын байланыстыруға арналған модемдер орнатылып жатыр. Жылу пункт-терінің барлық жабдықтары бірыңғай желіге енеді, бұл гидравликалық және температуралық режимді шұғыл бақылауға, ал мамандарға штаттан тыс және апатты жағдайларда тезірек шешім қабылдауға мүм-кіндік береді.

Сонымен қатар, Корпорация жылу энергиясы шығы-нының көздерін анықтау үшін озық технологияларды магистральді жылу өткізгіштерін бақылауға және тексеруге арналған жылытуды тексеру аспаптары, ультрадыбыстық дефектоскоптар пайдаланады.

Жоғарыда көрсетілген шаралардың бәрін жүзеге асыру 2016 жылдың соңына қарай желілердегі жал-пы жылу шығынын 8%-ға төмендетуге мүмкіндік береді.

Өндірістің экологиялық параметрлерін жақсарту

Инвестициялық бағдарлама аясында экологиялық параметрлерді жетілдіру мақсатында Корпорация станцияларының барлық қазандықтарында екінші деңгейлі батареялық эмульгаторлар орнатылған күл аулайтын құрылғыларды (КАҚ) қайта құруды жүзеге асырды, бұл күл қалдығының атмосфераға шығуын 6 есе азайтуға мүмкіндік берді.

Инвестициялық бағдарлама іске қосылған жыл — 2008 жылдың соңында «ОАЭК» АҚ кәсіпорындары-ның атмосфераны ластайтын қалдық заттарының мөлшері 108,5 мың тонна деп белгіленген, 2014 жылдың нәтижелері бойынша бұл көрсеткіш 78 мың тоннаны құрады. Корпорация зиянды қалдықтарды 27%-ға қысқартты, ал осы кезеңдегі электр энергия-сын өндіру көлемі де 25,7%-ға өсті.

2009–2014 жылдары «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және Петропавл 2-ЖЭО-нда екінші деңгейлі титан эмуль-гаторлар (КАҚ) барлық қазандықтарда орнатылды.

Орындалған шаралар түтін газдарын тазарту дең-гейін арттыруға мүмкіндік берді, соның нәтижесінде кәсіпорын шығындары азайды.

Станциядағы технологиялық циклдің үздіксіздігін және күл-қож қалдықтарын 25 жылға дейін қатта-уды қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы екі күл үйіндісін қайта құру және жаңа үшеуін салу жұ-мыстары жүргізіліп жатыр. Жаңа күл үйінділерінің құрылысында полисинтетикалық геомембрана тәрізді инновациялық материалды пайдалану зиянды зат-тардың топыраққа түсуіне 100% жол бермейді.



АЛДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Инвестициялық бағдарламалар аясында 2015 жылы өндірісті арттыру, электр және жылу энергиясын та-сымалдауда шығындарды азайту және қызметтің экологиялық параметрлерін жақсартуға бағытталған қондырғыларды жаңғырту бойынша бірқатар кең ауқымды шараларды жүзеге асыру көзделіп отыр.

Электр энергиясы өндірісін 2014 жылғы көрсеткіштен 6 505 млн кВт-с-қа, яғни 7%-ға арттыру және жылу энергиясын босатуды 2014 жылғы көрсеткіштен 0,9%-ға төмендету жоспары бар, ол Петропавл 2-ЖЭО-нда бұрынғы демонтаждалған теплофикаци-ялық типті турбоагрегатты пайдалануға беру жоспарымен байланысты.

2015 жылы 3-ЖЭО-нда екі турбоагрегатты және Пе-тропавл 2-ЖЭО-нда бір турбоагрегатты пайдалануға берудің есебінен белгіленген электр қуатын 3,8%-ға, 1 117 МВт-қа дейін арттыру күтіліп отыр. Сондай-ақ, 3-ЖЭО-нда екі турбоагрегатты пайдалануға беру есебінен белгіленген жылу қуатын 1%-ға, 2 958 Гкал-с-қа дейін арттыру күтілуде.

Корпорация 2015 жылы жалпы көлемі 35,7 млрд теңге болатын инвестициялық бағдарлама шара-ларын орындауды мақсат етіп отыр.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Павлодар 3-ЖЭО-нда №2 жаңа турбоагрегатты монтаждау бойынша жұмыстар жалғасып, нәтижесінде белгіленген электр қуаты 5 МВт-қа, ал белгіленген жылу қуаты 75 Гкал-с-қа ар-тады. Сондай-ақ, Павлодар 3-ЖЭО-нда №4 турбоа-грегаттың қуаттылығын 110-нан 125 МВт-қа арттырып қайта құру жоспарланып отыр. Павлодар 2-ЖЭО, 3-ЖЭО, Екібастұз ЖЭО күл үйінділерінің екінші кезеңі және Павлодар 3-ЖЭО №5 градирнясын құрастыру жұмыстары жалғасады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда электр қуатын 42-ден 63 МВт-қа және 33-тен 95 МВт-қа арт-тыру мақсатымен №№1, 5 турбоагрегаттарын жаңғыр-ту жұмыстары жалғасуда. 2015 жылы №12 қазандық агрегатты жаңғырту жұмыстары жоспарлануда, ол номиналды бу өндірісін 220-дан 270 т/с-қа артты-рып, станция жұмысының сенімділігі мен үнемділігін арттырады, сондай-ақ, №№1, 5 турбоагрегаттың ауы-стырудан пайда болатын бу дефицитін қысқартады.



ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Корпорацияның қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (бұдан әрі – ҚЕХС) сәйкес әзірленді. Корпорацияның шоғырландырылған қаржылық есептілігі еншілес кәсіпорындардың сатып алынған уақытынан бергі қаржылық есептіліктерінен тұрады. Есеп саясатының принциптері Корпорация кәсіпорындарының бәріне бірегей.


Корпорацияның басты қаржы-экономикалық көрсеткіштері операциялық және қаржылық қызметтің нәтижелелігі мен тиімділігін, сондай-ақ Корпорацияның стратегиялық дамуының негізгі бағыттары орындалғанын көрсетеді.

2012–2014 жылдардағы қаржы-экономикалық көрсеткіштер, млн теңге

Көрсеткіштер	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
Электр және жылу энергиясын сатудан және беруден түскен кірістер	74 497	94 137	107 783
Өткізілген электр және жылу энергиясының өзіндік құны	(59 155)	(70 684)	(82 575)
Жалпы пайда	15 342	23 453	25 208
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(5 235)	(6 868)	(7 654)
Өткізуге жұмсалған шығыстар	(1 099)	(1 615)	(1 767)
Басқа да кірістер	792	465	2 132
Операциялық қызметтен түскен пайда	9 800	15 435	17 919
Қаржылық кірістер	646	672	861
Бір жылғы жалпы EBITDA	14 412	21 733	24 034
Қаржылық шығыстар және басқа да шығыстар	(2 418)	(2 445)	(3 729)
Негізгі мүліктердің құнсыздануынан туындаған шығындар	—	—	(466)
Табыс салығына жұмсалған шығыстар	(1 964)	(3 272)	(3 603)
Бір жылғы таза пайда	6 064	10 390	10 982


Электр және жылу энергиясын сату мен беруден түскен кірістер

млн теңге



Өткізілген электр және жылу энергиясының өзіндік құны


млн теңге



Сегменттер бойынша 2014 жылғы қаржылық-экономикалық көрсеткіштер, млн теңге

Көрсеткіштер	Электр және жылу энергиясын өндіру	Электр энергиясын беру және тарату	Жылу энергиясын беру және тарату	Электр және жылу энергиясын өткізу	Басқасы	Нәтижесі
Өткізу кірістері	40 802	19 520	5 499	41 757	204	107 783
Өзіндік құны	(23 517)	(13 562)	(5 342)	(39 947)	(206)	(82 575)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(1 738)	(2 201)	(1 849)	(1 287)	(577)	(7 654)
Өткізу шығыстары	(11)	—	—	(1 756)	—	(1 767)
Қаржылық кірістер	203	73	26	0,9	557	861
Қаржылық шығыстар	(2 464)	(131)	(4)	(168)	(101)	(2 867)
Курстық айырмашылық шығыны	(813)	(2)	(6)	(6)	(34)	(861)
Басқа да кірістер	616	678	(28)	398	1	1665
Табыс салығы бойынша шығыстар	(2 710)	(968)	24	53	(2)	(3 603)
Бір жылғы пайда	10 369	3 408	(1 681)	(956)	(158)	10 982
Негізгі мүлік бойынша күрделі шығыстар	24 039	7 704	1 921	155	163	33 982
Негізгі мүліктің тозуы	3 803	2 000	632	91	56	6 582
Операциялық сегменттер бойынша EBITDA	19 339	5 757	(1 061)	(1 143)	(523)	22 369

Бір жылғы таза табыс



2014 жыл қорытындысы бойынша, Корпорация жалпы сомасы 108 млрд теңгенің электр және жылу энергиясын өндіру, беру және өткізу қызметтерін жүзеге асырды. Бұл 2013 жылғы сәйкес көрсеткіштен 14,5%-ға жоғары.

Кірістің өсуіне келесі факторлар негіз болды:


- жылу энергиясы өндіріс көлемінің 474 мың Гкал немесе 8% артуы;
- электр энергиясын өткізу көлемінің 203 млн кВт-с немесе 3%, жылу энергиясы бойынша 882 мың Гкал немесе 9% артуы;
- электр энергиясы бойынша орташа босату тарифінің 0,96 теңге/кВтс немесе 9% өсуі, жылу энергиясы бойынша орташа босату тарифінің 249,64 теңге/Гкал немесе 12% өсуі.

2014 жылы өткізілген өнімнің өзіндік құны 83 млрд теңгені құрады, бұл 2013 жылғы көрсеткіштен 17%-ға жоғары. Негізгі өсім өндірістің артуымен және тиісінше, ауыспалы шығындардың артуымен байланысты. Өз құрамында Астана қаласында өткізуші құрылымды иеленетіндіктен, жеткізушілер тарифі мен KEGOC ұлттық операторының беру тарифтерінің артуы есебінен сатып алынатын энергия көлемінің артуы байқалады. Сондай-ақ, 2014 жылы Корпорация қызметкерлерінің еңбекақы қоры 8% өсті.

Корпорацияның 2014 жылғы таза табысы 10,9 млрд теңгені құрады, 2013 жылмен салыстырғандағы өсім 0,6 млрд теңге немесе 5,7% құрады.

2014 жыл қорытындысы бойынша EBITDA жалпы көрсеткіші 24 034 млрд теңгені құрады, 2013 жылмен салыстырғанда өсім – 2,3 млрд теңге немесе 10,61%.

Бір жылғы жалпы EBITDA




Сегменттер бойынша операциялық EBITDA көрсеткіші

Корпорация өндірістік қызметін бағалауда операциялық EBITDA көрсеткіші негізгі болып таңдалған. Бұл көрсеткіш – Корпорацияның базалық өндірістік қызметіне әсер етпейтін өзге кірістер, қаржыландыру кірістері, курстық айырмаға қатысты міндеттемелердің сенімсіз компоненті, еңбекке қабілеттіліктен айрылу бойынша әлеуметтік төлемдер, амортизация мен қайталанбайтын немесе тұрақсыз баптарды қарастырмайды.

Корпорацияның 2014 жылғы операциялық EBITDA көрсеткіші 22 369 млн теңгені құрады.

Электр энергиясына деген жоғары сұраныс пен шекті тарифтердің артуы оң әсер еткен өткізу табысының өсімі есебінен EBITDA көрсеткішіндегі электр және жылу энергиясы өндірісі сегменті 19 339 млн теңгені құрады.

Қызмет сегменттері бойынша 2014 жылғы операциялық EBITDA



Корпорация Ақмола облысындағы электр желілеріне иелік ететін «АЭҰК» АҚ компаниясын сатып алудан кейін электр энергиясын беру табысының артуы, шығындардың азаюы есебінен EBITDA көрсеткішіндегі электр энергиясын беру және тарату сегменті 5 757 млн теңгені құрады.

Жылу энергиясын берудің төмен тарифтері есебінен EBITDA көрсеткішіндегі жылу энергиясын беру және тарату сегменті 1 061 млн теңгені құрады.

Корпорацияның соңғы тұтынушыларына электр және жылу энергиясы бойынша дифференциацияланған тарифтерді қолдану есебінен EBITDA көрсеткішіндегі электр және жылу энергиясын өткізу сегменті 1 143 млн теңгені құрады.

Активтер мен міндеттемелер

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорацияның жиынтық активтері 254 млрд теңгені құрады, бұл 2013 жылдың сәйкес көрсеткішінен 39%-ға жоғары. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорация негізгі қаражатқа бағалау

Активтер



Міндеттемелер



жүргізіп, қайта бағалау нәтижесінде құн 42 млрд теңгеге өскенін қабылдады. Негізгі қаражаттың әділ құны бағалау жүргізу күніне болашақ дисконтты ақша ағымына түзелген шығын тәсілі, дәлірек айтқанда, ауыстыру құнын анықтау әдісі көмегімен анықталды.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі қаражат құны 206 млрд теңге немесе барлық активтер құнының 80%-ын құрады. Кең ауқымды инвестициялық бағдарлама аясында 2014 жылы 33 млрд теңге аяқталмаған құрылыс құрамына бағытталды және негізгі қаражат сатып алынды. 28 млрд теңгеге жаңа және қайта құрылған нысандар пайдалануға берілді.

2014 жылдың желтоқсан айында Павлодар 3-ЖЭО-нда терең қайта құрудан кейін №5 турбоагрегат пайдалануға берілді. Сондай-ақ, 2014 жылдың желтоқсанында Петропавл 2-ЖЭО-нда №8 жаңа қазандық агрегат пайдалануға берілді.

Ағымдағы активтер құрамында айтарлықтай өзгерістерге айналымдық капитал ұшырады, нақтырақ айтқанда, жыл соңында көмір мен қосалқы бөлшектерді сатып алу есебінен тауарлы-материалдық қорлар 34%-ға артты.

2014 жылы түзеу шарасы ретінде тұтынушылардың жеткізілген электр энергиясына төлем жасау шарты алдын ала төлемнен нақты төлемге ауыстырылып, өзгертілді, бұл жыл соңындағы есептелген соманың артуына әкелді. Тарифтердің өсуі мен өткізу көлемінің 14%-ға және төлем шарттарының өзгеруінен тағы да 14%-ға артуы есебінен өсім 2,8 млрд теңгені құрады.

Үдемелі инвестициялық бағдарлама шарттарында құрылыс-монтаж жұмыстары мен күрделі шығындар есептеуге шаққандағы ҚҚС деңгейінен жоғары, оның өсімі 2014 жылы 0,24 млрд теңгені құрады.

Басқа қаржылық активтер 9,8 млрд теңге көлемінде бөлшектеп толтыру және шешу шарттары бар депозиттер түрінде берілген. Депозиттер бойынша мөлшерлеме 2,8%–7,5% аралығын құрайды. Депозиттер Корпорация тарапынан қарыздарға қызмет көрсету, инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру және айналымдық капиталды ұстап тұру үшін жиналған ақшалай қаражат түрінде берілген. Қарыздарға қызмет көрсетуге арналған, валютада басымдыққа ие депозиттер ақшалай қаражат санатына жатады және қолданыста шектелген. Жинақтау жүйесі ЕҚДБ қарыздар бойынша төлем жасау күніне жарты жылдық депондауды қарастырады.

Корпорацияның жарияланған жарғылық капиталы 50 млн жай акцияны құрайды. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толықтай өтелген жай акциялардың құны 46 млрд теңгені құрады. 2014 жылдың шілдесінде Корпорацияның акционері – «ОАОЭК» АҚ «Ақмола электр желілік тарату

компаниясы» АҚ 51,59% акциясын Корпорацияның жарғылық капиталының есебіне берді. 2014 жылдың қарашасында Корпорация «АЭҮК» АҚ қосымша 48,41% акциясын сатып алып, оның жалғыз акционері атанды.

2014 жылдың 31 желтоқсанына жүргізілген негізгі қаражатты қайта бағалауға байланысты Корпорация 34 млрд теңге сомасында қайта бағалау бойынша резервті қабылдады, бұл өзіндік капиталдың 34%-ға артуына әкелді. 2014 жыл қорытындысы бойынша таза табыс салымы 5%-ды құрады.

Корпорация ұзақмерзімді міндеттемелер құрылымында энергетикалық қондырғыларды қайта құру мен жаңғырту және электр энергиясын беруді есептеу жүйесін жетілдіру бойынша ұзақмерзімді инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру мақсатымен бірінші рет Азия даму банкінен (АДБ) несие алды. Аталған несие аясында 25 млн АҚШ долларын игеру жоспарлануда. АДБ-мен әріптестік аясында Корпорация, сонымен бірге, «АЭҮК» АҚ 48,41% акциясын сатып алуға инвестициялық қаржыландыру тартты.


Қысқамерзімді несие құрамында Корпорация ислам қаржыландыруын тартып, Мурабаха Бас Келісімін жасасты, оның аясында барлық еншілес компаниялар 12 ай мерзімге Тауарлы Мурабаха ала алады.

Теңге мен долларда деноминацияланған ұзақмерзімді несиелердің тиімді мөлшерлемесі 9–10% және 3,7% құрады. Теңге мен долларда деноминацияланған қысқамерзімді несиелердің тиімді мөлшерлемесі 7,5–10% және 6,5% құрады.

2014 жылғы ақпандағы девальвацияның әсерінен қаржылық міндеттемелер 2 млрд теңгеге артты. Корпорация басшылығының пікірінше, валютадағы кредиттік келісімдер бойынша 4–5%-дан аспайтын төмен мөлшерлемеді және 10 жыл өтеу мерзімімен, инвестициялық бағдарламаның тиімділігі және нысандардың өзін-өзі ақтауы девальвацияның бір реттік әсерін болашақта жұмсартып жібереді.

Жалпы қаржылық қарыз есептік жыл соңында 59 млрд теңгені құрады, сонымен қатар, Корпорация қаржылық тұрақтылығы мен өтімділігін сақтауда.

Операциялық міндеттемелер 2014 жыл соңына инвестициялық бағдарлама шаралары бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары түрінде берілген сауда-кредиторлық қарыз бойынша артты. Сауда-кредиторлық қарыз құрамында, сондай-ақ тарифтің өсуі мен өткізу көлемінің артуына байланысты Астана қаласында сатып алынатын электр және жылу энергиясына қарыз артты.



2014 жылы Корпорацияның еншілес кәсіпорны — «АЭҮК» АҚ Целиноград ауданының әкімдігімен «Северная» ПС 110/10 кВт трансформаторлы шағын станциясын қаржылық арендаға алу бойынша келісімшарт жасасты.

2013 жыл қорытындысы бойынша Корпорация 2,3 млрд теңгеге, яғни таза пайданың 27%-ы көлемінде дивидендтер жариялады. Жалпы, дивидендтік төлемдердің оң динамикасы байқалады, ол корпоративтік стандарттарды тиісті деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Ақша қаражатының қозғалысы

2014 жылы операциялық қызметтен ақшалай қаражат ағынының артуы жалғасын тапты, бұл өткізу көлемінің артуы мен электр және жылу энергиясы тарифтерінің жоспарлы түрде өсуімен байланысты болды. Операциялық қызметтен келетін таза ағын 18,97 млрд теңгені құрады. Айналымдық капиталдың айтарлықтай өзгеруі қордың артуы мен сауда-дебиторлық қарыздың өсуімен байланысты. Бұл қарыз түрі тұтынушылардың келісімшарт бойынша төлем

Ақша қаражатының қозғалысы



шарттарының өзгеруімен байланысты. Ірі жеткізілімдерге жататын кредиторлық қарыздың артуы айналымдық капиталдың 4,5 млрд теңгеге өсуіне әкелді.

Инвестициялық қызметтен айтарлықтай ақша ағыны 2014 жылы үдемелі инвестициялық бағдарламамен байланысты болды, оған 31 млрд теңге көлемінде қаражат бағытталды. Корпорация, сондай-ақ Ақмола облысында активтерді өткізуден 1,8 млрд теңге көлемінде ақшалай қаражат алды.

2014 жылдың екінші жартысында Корпорация Азия даму банкінің қаражатынан 25 млн АҚШ доллары көлемінде қаржыландыру алды.

Ақшалай қаражат пен депозиттер жыл соңында 14 млрд теңгені құрады. Ақша қаражатының жеткілікті резерві Корпорацияға өтімділіктің және ішкі ресурстардың қарызға қызмет көрсетуге қажетті деңгейін сақтауға мүмкіндік береді.

Тиімділік көрсеткіштерін талдау

2012–2014 жылдар қорытындысы бойынша Корпорация активтері (ROA) мен капиталының (ROE) тиімділік көрсеткіштерінің қалыпты өсімі байқалады. ROA көрсеткіші 2014 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 5%-ға артты.


ROE көрсеткіші 2014 жылы 8,9% құрады, 2012 жылы бұл көрсеткіш 7,8% құраған еді. Аталған өсім Корпорация капиталының тиімді құрылымын сипаттайды.

2014 жылы Корпорацияның негізгі қаражаттарын қайта бағалаудан резерв есептеліп, ол ROA көрсеткішінің 2013 жылғы 6,5%-дан 2014 жылы 5%-ға және ROE көрсеткішінің 2013 жылғы 11,2%-дан 2014 жылы 8,9%-ға азаюына ықпал етті.

Активтер рентабельділігі



Өзіндік капиталдың рентабельділігі



Корпорацияда барлық тәуекелдерді бірегейлендіру, бағалау және мониторинг жасауға бағытталған тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесі (ТБЖ) қызмет етеді, сондай-ақ, ішкі бақылау стандарттары (ІБЖ) енгізілген.

Корпорация Трэдуэя комиссиясы (COSO) және Халықаралық стандарттау жөніндегі ұйым (ISO) әзірлеген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесі саласындағы халықаралық стандарттарды басшылыққа алады.

Тәуекел менеджменті департаменті Корпорацияның Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитетке есеп береді. Департаменттің жұмысы Директорлар кеңесі бір жылға бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2014 жылы Тәуекел менеджменті департаменті мынадай негізгі жұмыстарды жүргізді:

- Бизнес үрдістердегі ІБЖ тиімді ұйымдастырылуына талдау жасау және сынақтан өткізу:
 - Қызметкерлерді басқару
 - Сатып алулар мен келісімшарттарды басқару
 - Өндірістің үздіксіздігін басқару
 - Техникалық қызмет көрсетулер мен жөндеу жұмыстарын басқару;
- Корпорацияның Тәуекелдер реестрін және Тәуекелдер картасын жаңарту;
- ІБЖ және тәуекелдерді басқарудың ұйымдастырылуын жетілдіру бойынша іс-шараларды орындау мониторингі.

«ОАЭК» АҚ ҚЫЗМЕТІНЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ТАЛДАУ

2014 жылы жүргізілген Корпорация Тәуекелдерінің корпоративтік реестрі мен Тәуекелдер картасын жаңарту қорытындылары бойынша, бекітілген Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес операциялық, қаржылық және құқықтық ықтимал тәуекелдер анықталды.

Операциялық тәуекелдер

2014 жылы Тәуекелдер реестрі мен картасына сәйкес қабылданған маңыздылық классификациясы мен деңгейіне сәйкес, Корпорацияның операциялық тәуекелдерін басқару қызметтің мынадай бағыттары бойынша жүзеге асырылды:

- Еңбекті қорғау және қауіпсіздік (тәуекел – травматизм/қайғылы жағдай);
- Сатып алу қызметі және келісімшарттарды басқару (тәуекел – тауар, жұмыс және қызметтерді сапасыз және уақытында емес сатып алу мен жеткізу);
- Техникалық қызмет көрсетулер мен жөндеу жұмыстары (тәуекел – инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыруда құрылыс-монтаж жұмыстары мерзімдерін сақтамау);
- Қызметкерлерді басқару (тәуекел – білікті/негізгі қызметкерлерді жоғалту).

Еңбекті қорғау және өндірістегі қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді бақылау, сондай-ақ, «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарында жарақаттану деңгейін төмендету бойынша көрсеткіштерді жақсарту мақсатында Корпорацияның еншілес кәсіпорындарында енгізілген OHSAS 18001:2007 халықаралық стандартының негізгі талаптарын сақтау шараларын ұйымдастыруға бағалау өткізілді. ІБЖ талдау нәтижесінде Корпорация кәсіпорындары қызметкерлерімен бірге мердігер ұйымдар қызметкерлерінің де қауіпсіздік техникасын сақтау талаптары күшейтіліп, ол өндірістік жарақаттану санының төмендеуіне әсер етті.

Сатып алулар саласындағы тәуекелдерді бақылау, сондай-ақ Корпорация кәсіпорындарында өндірістік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметтің ең жоғары шекті тиімділігіне қол жеткізу мақсатымен аталған салаға талдау, оның ішінде «Сатып алулар мен келісімшарттарды басқару» бизнес-процесі бойынша ішкі бақылау жүйесіне талдау жасалды. Оның нәтижесінде ІБЖ аясында бизнес-процесстің тиімділігі арттырылып, сатып алу қызметін жүргізгенде тараптар қақтығысы шегерілді, бұл сатып алу қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттырды.

Жөндеу бағдарламаларын жүзеге асыратын мердігер ұйымдармен өзара жұмыс жасауда туындайтын тәуекелдерді азайту мақсатында Корпорацияның келісімшарт қызметіне талдау, оның ішінде техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарындағы ішкі бақылау жүйесіне талдау жасалды. Оның

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ
БАСҚАРУ



нәтижесінде мердігер ұйымдармен өзара қызмет ету бойынша ішкі нормативтік құжатты әзірлеу бойынша жұмыстар басталды, жөндеу жұмыстарының уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз ететін жаңа типтік мердігерлік келісімшарт әзірленді.

Кадр тәуекелдерін төмендету мақсатында Қызметкерлерді басқару Департаменті тарапынан еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру шаралары атқарылып, Корпорация қызметкерлерінің білім деңгейін арттыру және жас мамандарды қолдау жүйесі бойынша бағдарламалар әзірленуде.

Қаржылық тәуекелдер

Өтімділік тәуекелі. Корпорацияның өтімділік тәуекеліне ұшыраған жағдайлары бар, оның ішінде өтеу мерзімі келген кезде қаржы міндеттемелерін орындамау да орын алған. Корпорация өтімділік тәуекелін қаржы жағдайына, болжалған және іс жүзіндегі ақша қаражаты қозғалысына, капитал шығындары бойынша алдағы міндеттемелерге қатысты жоспарланған болашақты ескере отырып, Корпорацияның таза қарызына үнемі мониторинг жасау есебінен тиісті резервтерді, банктік қарыздарды, расталған кредиттік желілерді және айналымдағы капитал қорларын сақтау арқылы басқарады.

Сатып алынатын жабдық, шикізат және материал бағаларының өсу тәуекелі. Корпорация сатып алынатын көмір бағасының көтерілу қаупіне тәуелді, өйткені ЖЭО жабдықтары бір шығу көзінен сатып алынатын көмірдің белгілі бір түріне сәйкес жобаланған. Алайда Корпорацияның бұл тәуекелге және оның операциялық пайдаға әсер ету деңгейіне мониторинг жасау бойынша мүмкіндігі мемлекеттің көмірге деген бағаны реттеу деңгейімен және төтенше реттеу шараларының тетігі арқылы тарифті көтерудің орнын толтырумен қамтамасыз етілген.

Нарықтық тәуекелдер. Корпорация валюталық тәуекел мен пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне тәуелді. Корпорацияның АҚШ долларымен деноминацияланған айтарлықтай міндеттемелері бар. АҚШ долларының бағамын өзгерту тәуекелін басқару үшін Корпорация валютаның айырбастау бағамының өзгеруіне мониторинг жүргізеді. 2014 жылы «ОАЭК» АҚ валюталық тәуекелді хеджирлеу бойынша операция жүргізілмеді, өйткені Қазақстанның қаржы құралдары нарығында өнімді қаржы құралдары болмады. Осыған орай, Корпорация АҚШ долларымен деноминацияланған депозиттерге еркін қаражат орналастыру, ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарламалардың тиімділігіне мониторинг жасау арқылы табиғи хеджирлеу әдісін қолданады.

Корпорация пайыздық мөлшерлемелердің құбылмалылығына тәуелді, өйткені пайыздық мөлшерлемелері өзгеріп тұратын қарыз қаражаты бар. ЕҚДБ қарыздары бойынша пайыздық мөлшерлеме банкаралық кредиттерге және LIBOR мен KazPrime депозиттері бойынша мөлшерлемеге негізделеді. Кредиттік ресурстардың ұзақ мерзімділігі салымдардың инвестициялық сипаты есебінен тәуекелдердің аталмыш тобының Корпорацияны табиғи хеджирлеумен қамтамасыз етеді.

Кредиттік тәуекел. Контрагенттердің шарт талаптарын орындау нәтижесінде туындайтын кредиттік тәуекел контрагенттердің міндеттеме көлемі Корпорацияның сол контрагенттер алдындағы міндеттемелерінен артық сомамен шектеледі.

Кредиттік тәуекел концентрациясы бір тұтынушының немесе қызмет талаптары ұқсас тұтынушылар тобының бірнеше қарыз сомалары болған жағдайда туындауы мүмкін.


«ОАЭК» АҚ-нда экономиканың әртүрлі сегменттері ұсынған жоғары дифференциалды тұтынушылар қоржыны болуы мүмкін, бұл кредиттік тәуекел мүмкіндігін төмендетеді. Осылайша 2014 жылғы жағдай бойынша электр және жылу энергиясын тұтынушылардың дифференциациясы төмендегіше берілген:

Құқықтық тәуекелдер

Табиғатты қорғау (экологиялық) заңнама талаптарын бұзу маңызды тәуекел болып табылады. Корпорация басшылығы бұны құқықтық тәуекелдер санатына сәйкестендірген.

Бұл тәуекелді төмендету үшін Корпорация 2012–2014 жж. арнап дайындаған Экологиялық және әлеуметтік әрекеттер бағдарламасы (ESAP) негізінде, қызметтің қоршаған ортаға тигізетін әсерін анықтау үшін мониторинг жүргізеді. Өндірістік экологиялық мониторинг бағдарламасы аясында қалдықтар көзін бақылау, эмиссия саны мен сапасын, олардың қарқынын бақылау жүзеге асуда. Негізгі бағыттардың бірі — инвестициялық бағдарлама іс-шарасында экологиялық параметрлерді жақсарту және тәуекелдердің бұл тобын тиісінше төмендету қарастырылған.

Электр мен жылу энергиясы тұтынушыларының дифференциациясы, 2014 ж.



«ОАЭК» АҚ стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудегі міндеттері корпоративтік басқару деңгейін арттырып болып табылады. Корпорация қызметі барлық та-

раптың, атап айтқанда, акционерлер, қызметкерлер және Корпорацияның лауазымды тұлғаларының көзқарасын теңгерімді сақтауға негізделген.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ОАЭК» АҚ-ның акционерлік капиталы **46 043 272** мың теңгені құрайды.

рылған акциялар санының бес және одан да жоғары пайызы көлеміндегі акцияларға ие акционерлердің құрамында ешқандай өзгерістер орын алған жоқ.

Есептілік кезеңде Корпорация акциялармен айтарлықтай маңызды мәмілелер жасамады. Орналасты-

64,62%


«Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ

24,16%

Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕКДБ)
(Лондон, Ұлыбритания)

11,22%

Kaz Holdings Cooperatief U.A.
(Амстердам, Нидерланд)



Акционерлердің жалпы жиналысы қызметінің нәтижелері

Корпорацияның жоғарғы басқарушы органы – Акционерлердің жалпы жиналысы. Акционерлердің Корпорация Жарғысында айқындалған өз құқықтарын жүзеге асыруының негізгі тәсілі – олардың акционерлердің жыл сайынғы жиналысына, сондай-ақ, Директорлар кеңесіне Атқарушы органның бастамасымен өткізілген кезектен тыс жиналыстарға қатысуы болып табылады.


Корпорация акционерлері жылдық Жалпы жиналыстың күн тәртібіне өзгерістер енгізіп, Директорлар кеңесіне, Комитетке үміткерлер ұсынуға және Директорлар кеңесі отырыстарын шақыруға құқылы.

2014 жылы акционерлердің 1 жылдық және екі кезектен тыс Жалпы жиналысы өткізілді. Акционерлердің Жалпы жиналысының назарында болған негізгі мәселелер:

- «ОАЭК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының 2013 қаржылық жылдағы қаржылық есептіліктерін бекіту туралы шешім;
- Қоғамның 2013 қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібі туралы шешімі;

- «ОАЭК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының 2014 жылдағы қызметінің нәтижелері бойынша қаржылық есептілігінің аудитін өткізуге аудиторлық ұйымды анықтау туралы шешім;
- «ОАЭК» АҚ жай акцияларының қосымша санын орналастыру туралы шешім;
- «ОАЭК» АҚ жарғылық капиталына «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ 51,59% жай акцияларын беру арқылы «ОАОЭК» АҚ-ға «ОАЭК» АҚ акцияларын төлеу туралы шешім;
- «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ 48,41% акцияларын сатып алу туралы шешім;
- «ОАЭК» АҚ компаниялар тобына «Al Hilal» Ислам банкі» АҚ қаржыландыруын тарту туралы шешім;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерімен еңбек келісімшартын бекіту туралы шешім;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерімен еңбек келісімшартын бекіту туралы шешім;
- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау туралы шешім.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



«ОАЭК» АҚ
ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Корпорацияның дивиденд төлеуді есептеу, жариялау тәртібі, көлемі, түрі мен мерзімдеріне қатысты саясаты Корпорацияның Жарғысында және «ОАЭК» АҚ Дивидендтік саясаты туралы ережеде анықталған. Корпорацияның дивидендтік саясатының басты қағидаттары мыналар болып табылады:

- дивидендтік төлем көлемін анықтау кезінде Корпорация мен оның акционерлерінің мүддесінің теңгерімділігі;
- Корпорацияның инвестициялық тартымдылығын, қаржы тұрақтылығын, капиталы мен өтімділігін арттыру;
- салынған капиталдың нарықтық кірісін қамтамасыз ету;
- акционерлердің құқықтарын құрметтеу және қатаң сақтау, сондай-ақ, олардың әл-ауқатын арттыру.

Корпорация өзінің дамуына жеткілікті қаражатты сақтауға мүмкіндік беретін мөлшерде таза пайданың бір бөлігін дивиденд төлеуге жұмсай алады. Жылдық дивидендтерді төлеу туралы шешімді Корпорацияның Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдайды. Корпорация үшін ойда болмаған жерден жағымсыз жайттар орын алған жағдайда Директорлар кеңесі Корпорация акционерлерінің Жалпы жиналысына дивиденд төлеу (жариялау) туралы шешім қабылдамау ұсынысын білдіруге міндетті.

Дивиденд төлеу

2014 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысында «ОАЭК» АҚ акционерлеріне 2013 қаржылық жыл үшін 2 314 652 мың теңге көлемінде дивиденд төлеу туралы шешім қабылданған. Бір акцияның табыстылығы 71,99 теңгені құрап, 31.12.2014 ж. жағдай бойынша, акцияның ағымдағы баланстық құны 2 864,88 теңге болды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Корпорацияның Директорлар кеңесі стратегиялық міндеттерді айқындайды, кәсіпорын жұмысы нәтижелеріне ағымдағы мониторинг жүргізу және бағалауды қоса алғанда, қызметті бақылаудың қажетті тетіктерін қолдайды. Директорлар кеңесі өз қызметінде алға қойған мақсаттарына қол жеткізу үшін келесі аталған принциптерге сүйенеді:

- Корпорация қызметі турасында шынайы және толық ақпаратты қолдана отырып, ұжымдық және салмақты негізде талқыланған мәселелер бойынша, бизнес жүргізудің ең жоғарғы стандартына сәйкес шешім қабылдау;
- Акционерлердің Корпорацияны басқаруға қатысу, дивидендтер, Корпорация туралы ақпарат пен есеп алу сынды заңды көзқарастары мен құқықтарын шектеуге жол бермеу;
- Корпорация акционерлері көзқарастарының теңгерімді болуын қамтамасыз ету және Директорлар кеңесінің Корпорация акционерлерінің

көзқарастарына сай келетін объективті шешімдер қабылдауына қол жеткізу;

- Корпорация акционерлерін шынайы және уақытылы ақпараттармен қамтамасыз ету.

Директорлар кеңесінің құрамына Корпорацияға қатысты алғанда, үлестес тұлғалар емес тәуелсіз директорлар кіреді. Директорлар кеңесін Төраға басқарады, ол Директорлар кеңесі мүшелерінен және Директорлар кеңесі комитеттерінен келіп түскен ұсыныстарға сәйкес, Директорлар кеңесінің мәжілісін шақырып, олардың күн тәртібін белгілейді.

Директорлар кеңесі және атқарушы органға берілетін сыйақы мөлшері «ОАЭК» АҚ акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімі негізінде анықталады. 2014 жылы Директорлар кеңесі мен атқарушы органға берілген сыйақылардың жалпы сомасы 62 963,31 мың теңгені құрады.

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы

(бұл құрам «ОАЭК» АҚ Акционерлердің жалпы жиналысының 2013 жылғы 25 қазандағы және 2014 жылғы 27 қазандағы шешімдерімен құрылған)



Клебанов Александр Яковлевич

Директорлар кеңесінің Төрағасы

«ОАЭК» АҚ ДК Төрағасы,
«ОАОЭК» АҚ ДК төрағасы және
акционері болып табылады

30.06.2004 «Эксимбанк Қазақстан» АҚ ДК Төрағасы;
20.08.2007 «ОАОЭК» АҚ ДК Төрағасы;

16.03.2009 «ОАЭК» АҚ ДК Төрағасы.



Әмірханов Еркін Адамияұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Қоғам президенті

«ОАЭК» АҚ Президенті,
«ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі,
акционері болып табылады

01.07.2001 «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ДК Төрағасы;

30.06.2004 «Эксимбанк Қазақстан» ДК мүшесі;

20.08.2007 «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі;

16.03.2009 «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі;

28.05.2009 «Каустик» АҚ ДК Төрағасы;

22.04.2011 «ОАЭК» АҚ Президенті;

25.10.2011 «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ДК Төрағасы;

25.02.2013 «АЭУК» АҚ ДК Төрағасы;

13.11.2013 «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарту компаниясы» АҚ ДК Төрағасы;

20.01.2014 «Павлодар электр желілік тарту компаниясы» АҚ ДК Төрағасы.



Артambaева Гүлнәр Жұмағалиқызы

Директорлар кеңесінің мүшесі

«ОАОЭК» АҚ Президенті,
«ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі болып табылады

16.06.2000 «ОАОЭК» АҚ Президенті;

27.06.2002 «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі;

27.06.2002 «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі;

07.10.2002 «ПЭТК» АҚ ДК мүшесі;

31.03.2004 «Эксимбанк Қазақстан» АҚ ДК мүшесі;

27.04.2007 «ОАОЭК Инвест» ТЖАИҚ» АҚ ДК Төрағасы;

16.03.2009 «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі;

07.07.2011 «Астана-Инвест» инвестициялық үйі» АҚ ДК төрағасы;

22.02.2013 «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі;

14.11.2014 «АЭУК» АҚ ДК мүшесі.



Кайзер Франц-Йозеф

Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор

«ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған

1975–2009 Прайс УотерХаус-Куперс (PwC) серіктесі;

2005–2009 «ЕЭС России» РАҚ РwC жобасы бойынша серіктесі;

10.10.2009 «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі,
тәуелсіз директор.



Керр Манфред-Йозеф

Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор

«ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған

2003–2009 RWE Power International Вице-президенті;

2008–2010 RWE Power International Атқарушы директоры,
Аға кеңесшісі;

25.10.2011 «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі,
тәуелсіз директор.



Патрицио Пальма

Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор

«ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған

1967–1977 American Appraisal Italia, SpA аға консультант;

1977–1997 American Appraisal UK limited директор, бас бағалаушы;

1997–2012 American Appraisal (AAR) Inc. директор;

27.10.2014 «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі,
тәуелсіз директор;

24.12.2014 «Каустик» АҚ ДК мүшесі,
тәуелсіз директор.



Дас Деварши

Директорлар кеңесінің мүшесі

01.04.2006 Capital Advisor Partners PTE LTD (CapAsia) Аға директоры;

16.07.2012 «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі.



Вуд Грэхэм Джон

Директорлар кеңесінің мүшесі

17.08.2009–01.03.2012 Freenergy AS ДК мүшесі;

26.02.2009–01.04.2013 ENEA SA, Қадағалау кеңесінің мүшесі,
Аудит жөніндегі Комитеттің төрағасы;

16.07.2012 «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҒЫ ҚЫЗМЕТІ

2014 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі жанында төрт комитет жұмыс істеді:

- Аудит жөніндегі комитет (25.02.2010 құрылған);
- Техникалық комитет (06.03.2012 құрылған);
- Стратегиялық комитет (28.11.2012 құрылған);
- Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті (13.03.2013 құрылған).

Аудит жөніндегі комитет Директорлар кеңесі жанындағы тұрақты жұмыс органы болып табылады. Директорлар кеңесінің реттеу және қадағалау қызметтерін тиімді жүзеге асыруда, ішкі аудитті, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және нығайтуда Директорлар кеңесіне көмектеседі. Комитет Директорлар кеңесіне өз тарапынан әрекет етуді талап ететін кез келген мәселелер бойынша ұсыныстарды жеткізеді.

Техникалық комитет Директорлар кеңесі жанындағы тұрақты жұмыс органы болып табылады. Ол Корпорациядағы инвестициялық жобаларды уақытында және тиімді орындауды жүзеге асыруға оның мүшелерінің іс жүзінде қатысуын қамтамасыз етеді.

Стратегиялық комитет Директорлар кеңесі жанындағы тұрақты жұмыс органы болып табылады. Корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру, жобаларды іске асыру және Корпорацияның дамыту стратегиясын орындауды бақылау үшін құрылған. Сондай-ақ, аталмыш Комитет Корпорацияның қызметін жоспарлау және дамыту тетіктерін жетілдіру жағынан Директорлар кеңесіне көмек көрсетеді.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті Директорлар кеңесі жанындағы тұрақты жұмыс органы болып табылады. Корпорацияға және оның еншілес ұйымдарына бірыңғай кадрлық саясат дайындау және енгізу, басшылық қызметіне үміткерлерді және Корпорация мен оның еншілес

Аудит жөніндегі комитет	Техникалық комитет	Стратегиялық комитет	Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті
Франц-Йозеф Кайзер, Комитет төрағасы, тәуелсіз директор	Манфред-Йозеф Керр, Комитет төрағасы, тәуелсіз директор		Патрицио Пальма, Комитет төрағасы, тәуелсіз директор
Гүлнәр Артамбаева, комитет мүшесі	Еркін Әмірханов, комитет мүшесі		Еркін Әмірханов, комитет мүшесі
Грэхэм Вуд, комитет мүшесі	Грэхэм Вуд, комитет мүшесі		Гүлнәр Артамбаева, комитет мүшесі
	Деварши Дас, комитет мүшесі		Франц-Йозеф Кайзер, комитет мүшесі Грэхэм Вуд, комитет мүшесі

ұйымдарының атқарушы органы мүшелерін, Ішкі аудит департаменті мен Тәуекелдерді басқару департаментінің директорларын, Корпоративтік хатшыны, басқа да органдар мен қосалқы бөлімшелерді сайлау

немесе тағайындау үшін, корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру және оның қағидаттарын жүзеге асыру үшін құрылған.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕРІНЕ ШОЛУ

2014 жылы Директорлар кеңесінің 7 мәжілісі өткізілді.

Директорлар кеңесінің назарында болған негізгі мәселелер төмендегілер болды:

- Ай сайынғы және квартал сайынғы басқару есептерін талқылау;
- Кәсіпорын активтерін басқару жүйесін енгізудің жетістіктері бойынша есепті талқылау (Enterprise Asset Management);
- «ОАЭК» АҚ Қызметкерлерді басқару саясатын бекіту туралы шешім;
- «ОАЭК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының 2014 жылғы тәуекел-тәбетінің параметрлерін бекіту туралы шешім;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 2013 жылғы шоғырландырылған жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекіту;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2013 жылғы шоғырландырылған жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекіту;
- «Астанаэнергосбыт» ЖШС 2013 жылғы шоғырландырылған жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекіту;
- «ОАЭК» АҚ 2013 жылғы шоғырландырылған жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекіту;
- «ОАЭК» АҚ аяқталған 2013 қаржылық жылғы таза табысын бөлу тәртібін анықтау және «ОАЭК» АҚ бір жай акциясына шаққандағы дивиденд көлемін анықтау туралы шешім;
- «ОАЭК» АҚ 2014 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды алдын-ала таңдау туралы шешім;
- «ОАЭК» АҚ жарғылық капиталына «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ 51,59% жай акцияларын беру арқылы «ОАОЭК» АҚ-на «ОАЭК» акцияларын төлеу туралы шешім;
- «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ 48,41% акцияларын сатып алу туралы шешім;
- «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ 48,41% акцияларын сатып алуға Азия Даму Банкінің қаржыландыруын тарту туралы шешім;

- «ОАЭК» АҚ 2015 жылға шоғырландырылған бизнес-жоспарын (бюджетін) бекіту туралы шешім;
- «ОАЭК» АҚ 2016–2020 жылдарға арналған Стратегия жобасын талқылау туралы шешім;
- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті Төрағасын сайлау туралы шешім;
- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім;
- Қазақстан Республикасы, Астана қаласында «ОАЭК» АҚ өкілдігін құру туралы шешім;
- Қазақстан Республикасы, Астана қаласындағы «ОАЭК» АҚ өкілдігі туралы Ережені бекіту туралы шешім;
- Қазақстан Республикасы, Астана қаласында «ОАЭК» АҚ өкілдігінің бірінші басшысын тағайындау туралы шешім;
- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі және оның Комитеттерінің 2015 жылғы отырыстарының күнтізбелік жоспарын бекіту туралы шешім.

Бизнес үдерістерді жетілдіру және қабылданған шешімдердің тиімділігін арттыру мақсатында Корпорацияда ішкі бақылау тетіктері жолға қойылған. «ОАЭК» АҚ үшін ішкі бақылау жүйелі, барлық деңгейлерде стратегиялық және шұғыл басқаруға шоғырландырылған, өз қызметтерін жүзеге асырған кезде барлық бөлімшелерді қамтитын болып табылады. Корпорацияның Директорлар кеңесі жанында Аудит жөніндегі комитет жұмыс істейді, ол қаржы есептілігінің анықтығын қамтамасыз етіп, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерін үйлестіру үшін қабылданған шешімдер мен үдерістерге мониторинг жүргізуді жүзеге асырады. «ОАЭК» АҚ ақпараттық анықтық пен ашықтық саясатын ұстанады: Корпорация қызметі туралы ашық ақпарат дереккөздеріне орналастыру бойынша іс-шаралар жоспары қарастырылған. Осылайша, акционерлер Корпорацияда болып жатқан оқиғаларды үнемі бақылай алады.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпорацияның корпоративтік басқару саясаты 2014 жылы толықтай Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес болды.

«ОАЭК» АҚ корпоративтік басқару жүйесі басқару органдары мен Корпорацияның ішкі бақылауының, акционерлер мен басқа да мүдделі тұлғалардың өзара әрекеттесу үдерісін реттейді және олардың мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Корпоративтік басқару жүйесі Корпорацияның ішкі құжаттарымен реттеледі. Олар Корпорацияның сайтында берілген, ал жинақталған түрі 2010 жылы Корпорацияның Директорлар кеңесі қабылдаған «ОАЭК» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінде берілген.

Кодекс Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарына толығымен сәйкес келеді. Кодекс корпоративтік басқару саласындағы қолданыстағы халықаралық тәжірибені

және Қазақстанның акционерлік қоғамдарының Корпоративтік басқару қағидаттарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарын ескере отырып дайындалған.

Принциптерді ұстану Корпорация қызметінің күн сайынғы тәжірибесіне халықаралық стандарттарға сай және Корпорацияның акционерлер, тұтынушылар мен қызметкерлер алдында жағымды бейнесін қалыптастыруға әсер ететін корпоративтік тәртіп нормалары мен дәстүрлерін қалыптастыруға және енгізуге, акционерлер құқығының толығымен жүзеге асуына қол жеткізіп, олардың Корпорация қызметі туралы хабардар болуын арттыруға, сондай-ақ, тәуекелдерді бақылау мен төмендетуге, Корпорацияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсуін қолдауға және оның жарғылық қызметін сәтті жүзеге асыруға бағытталған.

2014 жылы Корпоративтік басқару кодексінің негізгі принциптері сақталды.

Корпоративтік басқару кодексінің негізгі принциптері

Принципке сипаттама	Түсіндірмелер
ӘДІЛЕТТІЛІК	
Капиталдағы қатысу үлесі мен орналасқан жеріне қарамай, барлық акционерлерге теңдей қарым-қатынас жасау және олардың құқықтарын тиімді қорғауға мүмкіндік беру.	«ОАЭК» АҚ корпоративтік басқаруы Қоғам акционерлерінің құқықтары мен заңды көзқарастарын қорғау мен құрметтеу, сондай-ақ активтер өсімі мен қаржылық тұрақтылықты және Корпорация табыстылығын қамтамасыз ету принципіне негізделген. Акционерлер құқықтары Қоғам Жарғысы мен «ОАЭК» АҚ Акционерлердің жалпы жиналысы туралы Ережеде бекітілген және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының талаптарына сәйкес келеді.

Корпоративтік басқару кодексінің негізгі принциптері

Принципке сипаттама	Түсіндірмелер
ЕСЕП БЕРУШІЛІК	
Корпорацияның Директорлар кеңесінің акционерлерге, атқарушы органдардың Корпорацияның Директорлар кеңесіне, қызметкерлердің атқарушы органына (Корпорация Президентіне) есеп берушілігі. Бұл принцип есеп берушілік пен Корпорацияның басқару органдарының өкілеттіліктерін бөлуді, сондай-ақ Корпорацияның акционерлерге толығымен есеп беруін қамтамасыз етеді, бұл Корпорацияның ағымдағы қаржылық жағдайына, қол жеткізген экономикалық көрсеткіштеріне, қызмет нәтижелеріне, Корпорацияны басқару құрылымдарына қатысты сенімді ақпаратты Корпорация акционерлеріне уақытылы әрі толық беру арқылы жүзеге асады.	Корпоративтік басқару Кодексінің аталған принципі Корпорацияның Жарғысында және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған ұйымдастырушылық құрылымды жүргізумен сақталады. Сондай-ақ, есеп берушілік принципі Корпорацияның әрбір басшылық органы/құрылымдық бөлімшелер туралы ережеде көрініс тапқан, ол Корпорация басқарушы органдарының өкілеттіліктерін шектеуін, сондай-ақ, Корпорацияның акционерлеріне есеп беруін жүзеге асырады.
ЖАУАПКЕРШІЛІК	
Корпорацияның өз акционерлері, қызметкерлері, тұтынушылары мен серіктестері алдындағы жауапкершілігі, Корпорацияның активтерін көбейту, оның тұрақтылығы мен сенімділігін арттыру мақсатында олармен тығыз ынтымақтастықта болу. Бұл принцип Корпорация акционерлері мен қызметкерлеріне арналған әдеп нормаларын айқындайды, сондай-ақ, Корпорацияның лауазымды тұлғалары заңға қайшы, кінәлі іс-әрекеттер жасаған не болмаса қолданыстағы заңнамада қарастырылған әрекетсіздіктер жасаған жағдайда олардың жауапкершілігін қарастырады.	2010 жылы Корпорацияда Іскерлік этика кодексі қабылданған, ол Корпорация мен акционерлер және инвесторлар, Корпорация қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының, «ОАЭК» АҚ тобы қызмет тұтынушыларының өзара қарым-қатынасының негізгі принциптерін айқындайды. Сондай-ақ, «ОАЭК» АҚ-нда мүдделі тараптармен өзара жұмыс шаралар жоспары әзірленіп, қабылданған, оның негізінде Корпорация жыл сайын Жоспардың орындалуы бойынша есеп береді.
АШЫҚТЫҚ	
Корпорацияның қаржылық жағдайын, қызмет нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, оның қызметіне қатысты барлық маңызды деректер туралы сенімді ақпаратты заңнамада және ішкі құжаттарда көзделген көлемде уақытында ашу, сондай-ақ, заңнамада және Корпорацияның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен оны оңай қол жеткізілетін көпшілікке арналған дереккөздерге орналастыру арқылы барлық мүдделі тұлғаларға еркін қолжетімді болуын қамтамасыз ету. Аталмыш принцип Корпорацияның лауазымды тұлғаларының барынша ашықтығын қамтамасыз етеді.	Корпоративтік басқару кодексінің ашықтық принципі «ОАЭК» АҚ Ақпараттық саясатында қарастырылған.

Корпоративтік басқару кодексінің негізгі принциптері

Принципке сипаттама	Түсіндірмелер
ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК	
Корпорация өз қызметі барысында қоршаған ортамен мұқият әрі ұқыпты қатынаста болуды қамтамасыз етеді және қоғам алдында әлеуметтік тұрғыдан жауапты.	«ОАЭК» АҚ-нда Корпорацияның қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік салалары бойынша саясатын ретейтін экологиялық және әлеуметтік жұмыстар бойынша шаралар жоспары әзірленіп, қабылданған.
ТИІМДІЛІК	
Корпорация Президенті мен оның Директорлар кеңесі Корпорацияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсуін, акционерлік меншіктің ұлғаюын, сондай-ақ, тиімді кадрлық саясатты белгілеуді, Корпорация қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды, еңбекті ынталандыру және әлеуметтік қамсыздандыруды, Корпорация қызметкерлерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін Корпорацияны парасатты әрі әділ басқаруға міндетті.	Корпоративтік басқару кодексінің тиімділік принципі Президент туралы ережемен және Корпорация директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі. Президент – Корпорацияның жеке атқарушы органы, ол Корпорацияның ағымдағы қызметіне басшылық етеді, Акционерлер мен Директорлар кеңесі айқындалған стратегияны жүзеге асырады. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаттары – ұзақмерзімді және жақсы ойластырылған перспективаға негізделген стратегияны қамтамасыз ету, Корпорация активтерін арттыру, Корпорацияның тиімді қызметін жүзеге асыруды, акционерлердің заңды көзқарастары мен құқықтарын беруді қамтамасыз ету, атқарушы органға бақылау жүргізу болып табылады.
БАҚЫЛАУҒА АЛУШЫЛЫҚ	
Корпорация акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Корпорацияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау, Корпорацияның Директорлар кеңесі бекіткен саясат пен рәсімдеріне сәйкес, жоғарыда тұрған басшылардың өздерінен кейін тұрған басшыларды бақылауы, сондай-ақ, тәуекелге бағытталған ішкі бақылаудың белгіленген тиімді жүйесімен қатар, ішкі және сыртқы аудиторлардың жұмыстарын тиімді пайдалану.	Акционерлердің құқықтары мен заңды көзқарастарын қорғау мақсатында Корпорацияның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасау «ОАЭК» АҚ Президенті тарапынан ішкі құжаттарда қарастырылған талаптарға сәйкес жүргізіледі. Сондай-ақ, Корпорацияда Директорлар кеңесінің консультативті-ақпараттандырушы органы болып табылатын және Директорлар кеңесіне қаржылық есептіліктің шынайылығы үшін және ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару үшін қабылданған шешімдер мен процесстерге мониторинг жасауға көмек көрсету мақсатымен құрылатын Аудит жөніндегі комитет жұмыс жасайды.

АТҚАРУШЫ ОРҒАН

Корпорацияның жеке атқарушы органы – Корпорацияның ағымдағы қызметіне басшылық ететін және Акционерлер мен Директорлар кеңесі айқындаған стратегияны жүзеге асыратын Президент болып табылады. Президент қызметінің негізгі принциптеріне Акционерлер көзқарасын мейлінше сақтау, адалдық, білімділік, қырағылық жатады.

Атқарушы органға берілетін сыйақы көлемі «ОАЭК» АҚ Директорлар Кеңесінің шешімімен анықталады.

Президент сыйақысының мөлшерін анықтау келесі талаптарға сәйкес жүзеге асырылады:

- Сыйақы тұрақты және ауыспалы бөліктен тұрады;
- Сыйақының ауыспалы бөлігі Президент қызметінің негізгі көрсеткіштерімен, оның біліктілігімен, белгілі кезеңде Қоғам қызметінің нәтижесіне қосқан жеке үлесімен байланысты және Президенттің жоғары сапалы қызметіне стимул беруге бағытталған;
- Президентке әлеуметтік қолдау, кепілдік және өтемақы төлемдері заңнамаға, Қоғамның ішкі құжаттарына және еңбек шартына сәйкес беріледі.




«ОАЭК» АҚ Президенті –
Еркін Адамияұлы Әмірханов

Қысқаша түйіндеме

Еңбек жолын Болат және қорытпа институтында (Мәскеу қ.) бастаған. 1997 жылдан «Қазкоммерцбанк» АҚ, Павлодар Мұнай өңдеу зауыты, «Эйр Қазақстан» ЖАҚ, «Эксимбанк Қазақстан» АҚ басшылық қызметтер атқарған. 2011 жылдың сәуірінен бері «ОАЭК» АҚ Президенті болып табылады.

Әмірханов мырза энергетика, қаржы және экономиканың өзге де секторлары компанияларының тобын біріктіретін «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ акционері болып табылады. Қазіргі таңда холдингке кіретін кәсіпорындарға стратегиялық тұрғыдан басшылық етеді.

Еркін Адамияұлы Әмірханов «Құрмет» мемлекеттік орденімен марапатталған, сондай-ақ оған Астана қаласының 10 жылдығы және Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығы құрметіне орай мерейтойлық медальдар табыс етілген.



ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ

Ішкі аудит департаменті (ІАД) Корпорацияның Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және есеп береді. Департамент қызметіне Аудит жөніндегі комитет жетекшілік етеді.

Департамент қызметі Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және «ОАЭК» АҚ ішкі аудиторлар этикасы кодексіне сәйкес жүргізіледі. ІАД қызметін реттейтін негізгі құжаттарға «ОАЭК» АҚ ІАД туралы Ереже, ішкі аудитті жүргізу саясаты мен тәртібі жатады. Ішкі аудиторлар өз жұмысында келесі принциптерді ұстанады: адалдық, нақтылық, конфиденциалдық және кәсіби компетенттік.

Корпорацияның еншілес ұйымдарында Ішкі аудит басқармалары құрылған, олардың қызметі ІАД талаптарына сәйкес, бірегейлендірілген және Корпорацияда қабылданған аудит әдістемесі мен тәжірибесіне сәйкес келеді. 2014 жылы «ОАЭК» АҚ Ішкі аудит департаментінде 6 аудитор болған, оның ішінде 3 маман «ОАЭК» АҚ-нда, ал 3 маман еншілес ұйымдарда болды.

Ішкі аудит департаментінің жұмысы Директорлар кеңесінің бір жылға бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Ішкі аудит департаменті Қоғамның Директорлар кеңесі мен Аудит жөніндегі комитетке орындалған жұмыс туралы жылдық есеп, сондай-ақ, әр тоқсанның қорытындысы бойынша тоқсан сайынғы есеп ұсынады.

2014 жылы Ішкі аудит департаменті «ОАЭК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарында мына бағыттар бойынша жоспарлы тексерулер жүргізді:

- Бизнес үрдістерді ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау:
 - дебиторлармен табыс пен шығысты есептеу
 - еңбек және қоршаған ортаны қорғау
 - сатып алулар
 - қызметкерлерді басқару;
- Тауарлы-материалдық қорларды ішінара түгендеу;
- Ішкі аудит департаменті және «Делойт» ЖШС аудиторлық ұйымының ұсыныстарын орындау бойынша Топтың түзеу қызметіне мониторинг;
- Құжаттар жобаларын талдау және ұсыныстар, кеңестер беру, кадр таңдау, ЕАМ жүйесі (кәсіпорын активтерін басқару), 1С-УПП енгізу жөніндегі жұмыс топтарына қатысу.

Жыл сайын ішкі аудиторлар біліктілік деңгейін арттырады. Департамент қызметкерлерін оқыту жоспарына көбіне ішкі аудит жүргізу рәсімдері мен әдістері, ішкі бақылау жүйелері, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару принциптері және Қоғамның негізгі бизнес үрдістерін жүргізу бойынша оқыту және біліктілікті арттыру кіреді. 2014 жылы ІАД ішкі аудиторлары «Эрнст энд Янг» бизнес академиясының «Ішкі Аудит II: кадрларды басқару, сатылым және маркетинг бизнес-әрекеттерінің аудиті», «CIA 2,3-бөлімдер, ҚЕХС маңызды аспектілері» тренингтеріне қатысты.

АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

«ОАЭК» АҚ ақпараттық саясаты корпоративті ақпаратты тарату және мақсатты аудитория арасында Корпорацияның бірыңғай бейнесін қалыптастыру процестерін бақылауға мүмкіндік беретін әрекеттер, шаралар және регламенттерден тұрады.

Ақпараттық саясат қоғамның түрлі топтарымен тиімді өзара қызмет жүргізуге бағытталған, оның ішінде:

- Мемлекеттік және бақылаушы органдар;
- Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ);
- Акционерлер мен инвесторлар;
- Тұтынушылар мен серіктестер;
- Қызметкерлер мен кәсіподақтар;
- Үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ).

2014 жылы «ОАЭК» АҚ өз қызметі туралы жоғарыда аталған қоғамдық топтарды Корпорация және оның еншілес кәсіпорындарының корпоративті сайттарын жаңарту, БАҚ-та ақпарат орналастыру, сауалдарға жауап беру, бұқаралық тыңдаулар, пресс-тур, «деңгелек үстел» және өзге де шаралар ұйымдастыру арқылы тұрақты түрде ақпараттандырып отырды.

2014 жылы Корпорацияда Еуропа қайта құру және даму банкінің саясатына сәйкес, Мүдделі тараптармен өзара жұмыс жоспары (SEP) жүзеге асырылды. Аталған жоспарды орындау нәтижесінде Корпорация және оның еншілес компанияларының сайттарында мүдделі тараптармен өзара жұмысқа бағытталған қызмет туралы ақпаратты қамтитын бұқаралық есеп жарияланды.

Ақпаратты жария етудің негізгі бағыттары:

- Акционерлер мен инвесторлар, сондай-ақ өзге мүдделі тараптардың заңды құқықтарын сақтау мақсатында Корпорацияға қатысы бар және Корпорацияның қаржылық-шаруашылық қызметіне ықпал етуі мүмкін, лайықты шешім қабылдауға не әрекет жасауға септігі бар ақпаратты, сондай-ақ Корпорация қызметін толығырақ түсінуге мүмкіндік беретін өзге де ақпаратты уақытылы беру;

- Корпорация жайлы бұқаралық ақпараттың барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімді болуын қамтамасыз ету;
- Корпорация мен акционерлер, инвесторлар, нарық қатысушылары, мемлекеттік органдар мен өзге де мүдделі тұлғалар арасындағы ашықтық пен сенімділік деңгейін арттыру;
- Корпорацияның корпоративті басқаруын жетілдіру;
- Оң имиджін қалыптастыру.

Корпорация ақпаратты берудің келесідей принциптерін ұстанады:

- Ақпараттың толықтығы мен нақтылығының кепілдігі;
- Өз қызметі жайлы барлық нақты деректерді беру жеделдігі;
- Корпорация жайлы ақпаратты берудің жүйелілігі мен уақытылы болуы;
- Ақпараттың маңыздылығы;
- Коммерциялық, қызметтік және Қазақстан Республикасы заңнамасымен қорғалатын өзге де құпия ақпараттың жоғары қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету;
- Корпорация ашықтығы мен оның коммерциялық көзқарастарын сақтау арасындағы баланс;
- Басқарушылық шешімдер қабылдауда ақпараттық қолдау көрсету;
- Корпорация мен оның еншілес ұйымдары қызметкерлерін маңызды, уақытылы, толық, нақты және шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету;
- Ақпараттың шығындалуы, заңсыз тарауы және бұрмалануының алдын алу;
- Негативті ақпарат пайда болған жағдайда қарсы ақпараттық әрекет жасау.



«ОАЭК» АҚ стратегиялық мақсаты — тұрақты даму жалпы қабылданған принциптерін, атап айтқанда, тұтынушыларға сапалы қызмет көрсету, үздік қолжетімді өнеркәсіптік және экологиялық стандарттарды сақтау, корпоративтік басқару деңгейін көтеру, антикоррупциялық шаралар сынды принциптерді сақтайтын жетекші жеке энергетикалық компания құру болып табылады.

Тұрақты даму жүйесінің маңызды элементі — мүдделі тараптармен өзара жұмыс, оның ішінде Мүдделі тараптармен өзара жұмыс жоспары (Stakeholder Engagement Plan — SEP) аясында әзірленген шараларды жүзеге асыру.

Мүдделі тараптармен өзара қызмет

Негізгі мүдделі тараптар	Өзара қызмет процесі	Қозғалатын басты мәселелер
Қызметкерлер	Ішкікорпоративтік газет және интернет-сайттар арқылы жүргізіледі. Қызметкерлерге арналған электронды пошта жәшіктері және сенім телефондары жұмыс істейді. Компаниялар тобы басшылығының қызметкерлерді қабылдауы жүргізіледі. Еңбек келіспеушіліктері келісім комиссиясында жұмыс беруші және жұмысшы өкілдерінің қатысуымен шешіледі.	<ul style="list-style-type: none"> ■ Еңбек және денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; ■ Қызметкерлерді Корпорация қызметі туралы ақпараттандыру; ■ Кәсіби дамуға атсалысу.
Жергілікті қоғамдастықтар	Корпорацияда тұтынушылар хабарламаларымен жұмыс жүйеленіп, кері байланыс жолға қойылған. Ол интернет-сайт пен электронды пошта арқылы жүзеге асырылады. Қоғамдық тыңдаулар, «дөңгелек үстелдер» және өзге де шаралар өткізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> ■ Тариф өтінімдерін қарау, оларды монополиялық реттеуші қызмет түрлеріне бекіту; ■ Инвестициялық бағдарламаны орындау; ■ Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтің сапа деңгейі, жалпыүйлік энергия есептеу құралын орнату және техникалық шарттарды алу сынды талаптардың орындалуына мониторинг.
Мемлекеттік билік органдары және бақылаушы органдар	Мемлекеттік және бақылаушы органдардың хаттары өңделеді: кейбіріне жауап берілсе, кейбірі ақпараттандыру сипатына ие. Топ компанияларының қызметкерлері салалық отырыстары мен жиналыстарға қатысады. Ресми делегациялардың кездесулері өткізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> ■ Қала мен өңірге негативті әсер етуді азайту; ■ Жылу беру маусымына дайындықты қамтамасыз ету; ■ Инвестициялық міндеттемелерді орындау; ■ Заңнамаларды сақтау, оның ішінде экология және қоршаған орта талаптарын сақтау мәселелері бойынша.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Мүдделі тараптармен өзара қызмет

Негізгі мүдделі тараптар	Өзара қызмет процесі	Қозғалатын басты мәселелер
Жеткізушілер, мердігерлер, клиенттер	Тендерлер ұйымдастырылады және өткізіледі, мердігерлер мен клиенттермен кездесулер ұйымдастырылады. Топ компанияларының сайттарында кері байланыс жүйесі қамтамасыз етілген.	<ul style="list-style-type: none"> Өзара тиімді әріптестікті қалыптастыру; Тендер өткізуде ашықтықты қамтамасыз ету.
ЖОО	Қызмет ету өңірлеріндегі ЖОО өкілдерімен кездесулер өткізіледі. Топ компанияларының қызметкерлері емтихан комиссиялары, біліктілік комиссиялары, білім беру бағдарламаларын аккредитациялау процестеріне қатысады.	<ul style="list-style-type: none"> Кәсіпорынға қызметкерлер таңдау; Түлектерді тәжірибеден өткізу және қызметке орналастыру.
Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)	Жыл сайын топ компаниялары пресс-тур, БАҚ-на арналған брифинг, пресс-конференция, өткізіп, баспасөз мәлімдемелерін таратады, ақпараттық сұрауларға жедел жауап береді.	<ul style="list-style-type: none"> Әріптестікті қалыптастыру; Активтерді жаңғырту мен жаңарту бойынша инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру туралы ақпараттандыру; Экологиялық нормаларды орындау; Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру.
Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ)	<p>ҮЕҰ өкілдері жыл ішінде өткізілген пресс-тур және қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырылды.</p> <p>Топ компаниялары қызметкерлері шағын және орта кәсіпкерлік өкілдерімен ашық кездесулерге қатысты.</p> <p>Әлеуметтік тұрғыдан аз қамтамасыз етілген топтарға қолдау көрсететін ҮЕҰ жетекшілермен, тұтынушыларды қорғау қоғамдары өкілдерімен кездесу өткізіледі.</p>	<ul style="list-style-type: none"> Экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысу.
Кәсіподақ	Кәсіподақтармен өзара қызмет жұмыс барысында кездесулер ұйымдастырып, сұрауларды өңдеу арқылы жүргізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> Ұжымдық келісімшартты орындау; Қызметкерлердің бос уақытын және демалысын ұйымдастыруға атсалысу.



КАДРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

Қызметкерлерді басқару саясаты

«ОАЭК» АҚ қызметкерлерді басқару саясаты Корпорацияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге және оларды қамтамасыз етуге бағытталған қызметкерлермен өзара жұмыс жүйесі болып табылады. Қызметкерлерді басқару саясатын жүзеге асыруда адам капиталын сақтау және арттыру, заманауи стандарттарға сай әрі кәсіби, жеке және басқарушылық компетенциялар негізінде жоғары кәсіби деңгейді қамтамасыз ету – басым бағыттар болып табылады.

«ОАЭК» АҚ қызметкерлерді басқару саясатының мақсаты – қызметкерлер мүмкіндігін толық ашудың барлық мүмкіндіктерін беретін тиімді корпоративтік басқару жүйесі бар компания құру.


Кадрлық саясаттың негізгі принциптері:

- Бос орындарды толтыру процесінің ашықтығы мен айқындылығы;
- Кәсіби компетенциялардың құндылығы;
- Даму бағыты: жеке, кәсіби, корпоративтік;
- Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі.

Қызметкерлердің сандық және сапалық құрамы

Корпорация қызметкерлерінің сандық құрамы 2014 жылдың 31 желтоқсаны бойынша 10 718 адамды құрады, 2013 жылы – 8 124 адам болатын. Қызметкерлер санының 2013 жылмен салыстырғанда 31,9% артуы 2014 жылы қызметкерлерінің саны 2 384 адамды құрайтын «Ақмола электр желілік тарату компаниясы» Акционерлік қоғамын «ОАЭК» АҚ-ның аумақтық бағытта бизнесін кеңейту стратегиясын жүзеге асыру жоспарына сәйкес сатып алуымен байланысты.

Сандық құрамның өзгеру динамикасы



«ОАЭК» АҚ кәсіпорындары бойынша сандық құрамның бөлінісі

Компания атауы	Қызметкерлер саны
«ОАЭК» АҚ	95
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ	5 080
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	2 576
«АЭУК» АҚ	2 384
«Астанаэнергосбыт» ЖШС	583
Барлығы:	10 718

2013 жылы сандық құрамның 2012 жылмен салыстырғанда 3,4% артуы энергия өндіру мен өткізу көлемінің артуымен байланысты болған.


Қызметкерлердің жынысы, жасы және білімі бойынша құрылымы

Корпорация қызметкерлерінің жынысы бойынша құрылымының ара қатынасы ерлердің 62,7% жоғары үлесімен сипатталады. Өндіріс қызметкерлері негізінен «жұмысшылар» категориясынан тұрады, оның 73,1% пайызын ерлер құрайды.

«Басшылар» категориясындағы қызметкерлердің үлесі 2014 жылы қызметкерлердің барлық санының 14% құрады, бұл оптималды көрсеткіш болып табылады.

Корпорация қызметкерлерінің жас құрамы кәсіби еңбек өнімдігі жоғары қызметкерлер үлесінің жоғары деңгейімен сипатталады. 40 жасқа дейінгі қызметкерлер саны барлық қызметкерлердің 51,5% құрайды. 60 жастан асқан қызметкерлер өз тәжірибесімен оқу орындарында және тәлімгерлік институт аясында бөліседі.

Қызметкерлердің жас құрамы



Қызметкерлерді оқыту және біліктілігін көтеру

Корпорацияның корпоративтік оқыту жүйесі қызметтің тиімділігін арттыру және қауіпсіз еңбек жағдайларын құру мақсатында топтық оқыту және жеке даму жоспарларынан тұрады.

Білім деңгейінің динамикасы



«ОАЭК» АҚ кәсіпорындары бойынша сандық құрамның бөлінісі

Қызметкерлер категориясы	Барлығы		оның ішінде:			
			ерлер		әйелдер	
	адам	%	адам	%	адам	%
Саны	10 718	100,0	6 717	62,7	4 001	37,3
Басшылар	1 505	14,0	1 147	76,2	358	23,8
Мамандар/қызметкерлер	2 948	27,5	987	33,5	1 961	66,5
Жұмысшылар	6 265	58,5	4 583	73,1	1 682	26,9

Атауы	2014 ж.	2013 ж.	2012 ж.
Дайындықтан, қайта даярлаудан және біліктілік көтеруден өткен қызметкерлер саны, оның ішінде:	5 891	5 000	4 429
Қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, техникалық пайдалану ережелері (алғашқы оқыту, біліктілікті растау, аттестация/қайта аттестация), басшыларға арналған курстар	4 031	3 963	3 380
ISO9001, ISO14001, OHSAS1800 сапа менеджменті жүйесі бойынша оқытулар (қоршаған ортаны қорғау, ішкі аудит және тәуекелдерді басқару мәселелерін қоса алғанда)	30	73	67
Аралас мамандықтарды оқыту	1 270	348	269
АҚ және ТЖ бойынша оқыту	17	22	12
Өзге (біліктілікті арттыру, семинарлар, тренингтер және т.б.)	543	594	701

2014 жылы 5 891 қызметкер оқытудан өтті, оның ішінде міндетті оқыту бойынша – 4 031 қызметкер. Кәсіби жоғарылау потенциалын құру, нақты салалардағы өндірістік процестерді жетілдіру мақсатында Корпорацияда 1 270 қызметкер аралас мамандықтарға оқыды.

- Қызметкерлерді материалдық және материалдық емес ынталандыру;
- Ұжымдық келісімшарттарға сәйкес, әлеуметтік кепілдіктер жағдайларын жақсарту.


2014 жылы сырттай оқу формасында 81 қызметкер жоғары білім алса, оның ішінде 33 қызметкер – кәсіпорын саласы бойынша білім алды, ал 41 қызметкер техникалық/кәсіби білім алса, оның ішінде 28 қызметкер – кәсіпорын саласы бойынша білім алды.

Қызметкерлер санының өсімінде жалпы орта білімі бар қызметкерлер үлесінің азаюы байқалады.

Жалпы Корпорация бойынша 2014 жылы жоғары білімді қызметкерлердің үлесі барлық қызметкерлердің 29,9% құрады: 2013 жылмен салыстырғанда өсім 0,9% құраса, 2012 жылмен салыстырғанда – 2,3%.

Өндірісті инновациялық дамыту бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты негізгі өсім «басшылар» және «мамандар» категорияларында байқалады.

Тұрақсыздық коэффициенті




Қызметкерлердің тұрақсыздығы

2014 жылы қызметкерлердің тұрақсыздығы жағдайды жақсартуға бағытталған төмендегі шаралар бағдарламасын іске асыруға байланысты тұтас Корпорация бойынша төмендеп, 14,5% құрады:

- Тәлімгерлік институтын және жас мамандарды қолдау жүйесін дамыту;
- Еңбек және өндірістік тәртіп бұзушылықтарды азайту шараларын жүзеге асыру;

Кадрлық резерв

Түрлі деңгейдегі басқарушылық лауазымдарды толтыру үшін қажетті резервті қалыптастыру мақсатында «ОАЭК» АҚ-нда 871 басшыдан құралған жоғарғы, орта және бастапқы басшылық буындарының кадрлық резерві қалыптасқан. Кадрлық резервті дамыту – өзіндік оқу орындарында оқыту, біліктілік арттыру, тәлімгерлік алу, басқарушылық функцияларды атқару, уақытша ауыстыруды қамтитын жеке кәсіби және ұйымдастырушылық-басқарушылық бағдарламаға негізделеді. Сыртқы кадрлық резервті қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде. 2014 жылы кадрлық резервте тұрған қызметкерлердің 117-сі басқарушылық қызметке ауыстырылды.



Жас мамандарды қызметке тарту

«ОАЭК» АҚ Корпорациясы өзі қызмет ететін өңірлерде еңбек жолын энергетика саласында бастап жатқан жас мамандарды дамытуға барлық жағдайды жасап келеді. Қызметке жас мамандарды тарту үшін жоғары және орта-арнаулы оқу орындарымен әріптестік орнатылған. 2014 жылы келесідей шаралар атқарылды:

- Соңғы курс студенттерімен ақпараттық кездесулер;
- Кәсіпорынның техникалық басшыларының емтихан комиссияларына қатысуы;
- Өнеркәсіп нысандарына таныстыру экскурсиялары;
- Түлектер жәрмеңкесіне қатысу;
- Кәсіпорындарда өндірістік және дипломалды тәжірибеден өту;
- Каникул кезінде уақытша жұмыспен қамту;
- Тәжірибемен бөлісу үшін тәлімгерлік институтын дамыту;
- Оқу ақысын төлеу үшін пайызсыз несие беру;
- Ақы төленетін оқу демалысын беру;
- Оқу орнын сәтті аяқтағаны үшін бонус.

2014 жыл қорытындысында «ОАЭК» АҚ Корпорациясында өндірістік нысандарда 37 экскурсия өткізіліп, 333 студент өндірістік және дипломалды тәжірибеден өтті, ал 192 жұмысшы сырттай жоғары білім алып жатса, оның 121-і кәсіпорын саласы бойынша.

Қызметкерлерді ынталандыру және марапаттау


Материалды ынталандыру

Корпорациядағы ынталандыру мен марапаттау жүйесінің мақсаты – Корпорацияның өз міндеті мен бизнес-мақсаттарына аз шығынмен қол жеткізуіне жұмыс жасайтын қызметкерлерді тарту, ұстап қалу және ынталандыру болып табылады.

2014 жылғы орташа табыс 2013 жылмен салыстырғанда 8,3%-ға артса, 2012 жылмен салыстырғанда 39,5%-ға көбейді. Еңбекақы мөлшері жыл сайын елдегі инфляция деңгейіне сәйкес индекстеледі.

Барлық деңгейдегі қызметкерлерді марапаттау жүйесінің тәртібі мен мерзімі түрлі факторларға тәуелді және экономикалық, заңдылық мүмкіндіктер және мақсаттылыққа сәйкес анықталады.

Орташа табыстың арту деңгейі



Материалдық емес ынталандыру

Корпорацияда жыл сайын қызметкерлердің еңбегін наградалар, құрмет грамоталарын, атақтар берумен елеу шаралары жүзеге асырылады. Олар туралы ақпарат корпоративтік ақпарат көздерінде жарияланған.

2014 жыл қорытындысында тиімді еңбегі үшін 137 қызметкер корпоративтік наградалармен, 25 қызметкер мен ардагер мемлекеттік наградалармен, 12 қызметкер ТМД Электроэнергетикалық Кеңес наградасымен, 42 қызметкер Қазақстан Энергетикалық Қауымдастығының наградасымен, оның ішінде 3 қызметкер «Еңбек сіңірген энергетик», 6 қызметкер «Құрметті энергетик» атағымен марапатталды.

Еңбекті қорғау

Корпорация еншілес ұйымдарының кәсіпорындарында қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, жарақаттанудың алдын алу, өндірістік және санитарлық-тұрмыстық еңбек жағдайларын жасау, зиянды және қолайсыз факторлар әсерін азайту, арнайы салалық тәуекелдер мен еңбек орындарында қауіпті жағдайларды азайту бойынша тұрақты жұмыс жүргізіледі.

Еңбекті қорғау және кәсіби қауіпсіздік менеджменті жүйесін жақсарту аясында Корпорация кәсіпорындары халықаралық OHSAS 18001 стандартын жетекшілікке алады.

Кәсіпорындар Еңбекті қорғау және кәсіби қауіпсіздік саясатын жүзеге асырып, оның қызметкерлерге қол жетімділігін қамтамасыз етеді, бұл үшін арнайы ресурстар бөлінеді.

Корпорацияның еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласы бойынша стратегиялық мақсаттары:


- жарақаттану жағдайларын азайту;
- кәсіби қауіпсіздік деңгейін арттыру және еңбекті қорғау мен кәсіби қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіру;
- жұмыс орындарында еңбек жағдайларын жақсарту;

- жүйелі оқыту мен қауіпсіз еңбек тәсілдері мен біліктіліктері бойынша семинарлар өткізу арқылы қызметкерлердің қауіпсіз емес әрекеттерінің алдын алу;
- еңбекті қорғау мен қауіпсіздік бойынша қызметкерлерді ынталандыру жүйесін дамыту;
- еңбекті қорғау мен қауіпсіздік бойынша бірыңғай корпоративті стандарттарды әзірлеу мен енгізу;
- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша әлемдік үздік, заманауи жетекші тәжірибені зерттеу және тарату.

2014 жылы Корпорация бойынша еңбекті қорғау және қауіпсіздік шараларына жұмсалған нақты шығын 219,12 млн теңгені құраса, еңбек жағдайларын жақсартуға 76,99 млн теңге жұмсалды.

Корпорацияда Еуропалық қайта құру және даму банкінің саясатына сәйкес, Экологиялық және әлеуметтік әрекеттер жоспары (ESAP) мен Мүдделі тараптармен өзара қызмет жоспары (SEP) жүзеге асырылады. ESAP жоспары аясында жыл сайын жария есеп әзірленеді, онда «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарында еңбекті қорғауды жетілдіру жобалары туралы ақпарат қамтылады.

2014 жыл бойынша 1000 қызметкерге шаққандағы өндірістегі оқыс оқиғалар мен жарақаттану жағдайларының жиілік коэффициенті (TIFR – Total Incident Frequency Rate)



Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік бойынша негізгі көрсеткіштер

Атауы	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
Қызметкерлердің орташа саны	7 855	8 124	10 622
Жарақаттану жағдайларының саны	8	3	3
Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік бойынша өткізілген жиналыстар саны	140	248	230
Өткізілген Еңбекті қорғау және қауіпсіздік күндерінің саны	233	286	474
Басқалар (біліктілік көтеру, семинарлар, тренингтер және т.б.)	543	594	701

Корпоративтік оқиғалар

Жыл сайын «ОАЭК» АҚ еншілес кәсіпорындары қызметкерлері кәсіпорында, сондай-ақ облыстық, аймақтық, халықаралық деңгейдегі спорттық шараларға белсенді түрде қатысады.

2014 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызметкерлері жыл сайынғы «Денсаулық» қалалық спартакиадасында түрлі спорт сайыстары: қысқы балық аулау, боулинг, бильярд, спорттық ориентация және басқа да сайыстар бойынша екінші орын алды. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ командасы Халықаралық нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес күніне орай өткен жағажай волейболы бойынша ашық турнирге қатысты. Турнир Петропавл қаласы әкімдігінің қатысуымен ұйымдастырылды.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-нда жыл сайын теннистен «PAVLODAR-OPEN» халықаралық ашық турнирі өткізіледі.

«АЭҮК» АҚ командасы жыл сайын 10-04Кв желісін жөндеу және пайдалану бойынша электромонтерлер бригадаларының республикалық кәсіби сайысына қатысады, бұл 2014 жылы электроэнергетикалық сала қызметкерлерінің халықаралық кәсіби шеберлік сайысына Қазақстанның ресми өкілі ретінде қатысуына мүмкіндік берді. ТМД елдері арасындағы халықаралық сайыс нәтижесінде «АЭҮК» АҚ 5-орынды иеленіп, КТП-10/0,4Кв өрт сөндіру жарысында үздік нәтиже көрсетті.

Тәжірибе алмасу, ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында 2014 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ базасында Қазақстан және ТМД ардагер энергетиктерінің республикалық форумы өткізіліп, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ардагерлеріне мемлекеттік және салалық наградалар мен атақтар берілді.

Энергетик күнін мерекелеу қарсаңында «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-нда тұңғыш рет «Құрмет кітабы» әзірленіп, оған кәсіпорынның дамуына өлшеусіз үлес қосқан, еңбегі еленген қызметкерлердің есімі енгізілді.



Қайырымдылық және демеушілік

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ жазғы каникул кезінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған облыстық мектеп-интернатқа тұрақты түрде қолдау көрсету аясында Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласына экскурсиялық саяхат ұйымдастырды. Мектеп-интернат түлектеріне бағалы сыйлықтар мен ЖОО және колледжде оқуына қажетті жабдықтарды сыйға тартты.

Барлық кәсіпорындарда жыл сайын ҰОС және еңбек ардагерлерін құрметтеп, сондай-ақ жұмыс жасайтын зейнеткерлерге мерейтойлық даталарға орай, азық-түлік, ақшалай сыйлық беру, көмірмен қамтамасыз ету сынды материалдық қолдау көрсетеді. Ардагерлерге үйдегі патронаж жүргізіледі. 9 мамырға орай мерекелік түскі ас пен концерттік бағдарламалар ұйымдастырылады.

«АЭҮК» АҚ қызметкерлері су тасқынынан зардап шеккен Атбасар РЭС және Степногор МЭС қызметкерлеріне ерікті түрде қаржылай қолдау көрсетіп, кәсіподақ салымдары негізінде акция ұйымдастырды.

Кәсіподақ ұйымдарымен өзара қызмет

«ОАЭК» АҚ барлық компанияларында кәсіподақ ұйымдары қызмет етеді, сондай-ақ Ұжымдық келісім-шарттар жасалған. «ОАЭК» АҚ әлеуметтік саясаты жұмысшылармен және олардың өкілдері – кәсіподақ ұйымдарымен анықталады. «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-нда Ұжымдық шарт 2015 жыл аяғына дейін жұмыс жасаса, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «АЭҮК» АҚ-нда 2014-2016 жылдарға арналып Ұжымдық шарттар жасалған.

Ұжымдық шартта Корпорация қызметкерлеріне, олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ кәсіпорын зейнеткерлері мен ардагерлеріне әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер қарастырылған. Ұжымдық келісімшартты жасауда экономикалық мақсаттылық, жетімділік, бірлескен жауапкершілік пен айқындылық принциптері басшылыққа алынған.

Атауы	2014 ж.	2013 ж.	2012 ж.
Кәсіподаққа мүше қызметкерлер саны	6 788	6 796	6 852
Барлық қызметкерлер ішіндегі үлесі, %	63	65	68

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ

«ОАЭК» АҚ-ндағы қоршаған ортаны қорғау мәселелері Корпорацияның Даму стратегиясында қарастырылған басым міндеттердің қатарында тұр.

Корпорацияның экологиялық саясаты Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған Экологиялық қауіпсіздік концепциясына, Экологиялық кодекске және 14000 сериялы ISO стандарттарына сәйкес әзірленді. Корпорацияның кәсіпорындарында бірегей саясатпен таныстыру жұмыстары салалық газеттерде, Корпорация сайтында жариялау және таныстыру қағаздары арқылы жүргізілді. Барлық бөлімшелердегі ақпараттық стендтерде экологиялық саясат бойынша ақпарат жарияланған.

2009 жылдан бастап Корпорация Инвестициялық бағдарлама аясында Еуропа қайта құру және даму банкі қаржыландыратын жобаларының қоршаған ортаны қорғауға қатысты саясатына сәйкес, экологиялық және әлеуметтік әрекеттер (ESAP) жоспарын жүзеге асыруда. Экологиялық және әлеуметтік әрекеттер жоспары Корпорацияның экологиялық параметрлерін және «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарындағы еңбекті қорғауға бағытталған. Корпорация ESAP аясында жасалған жұмыс туралы бұқаралық есеп береді.

2014 жылғы қарашадан бастап «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ үлестірілетін электр желілерін жаңғырту және кеңейту бағдарламасы аясында Азия Даму Банкінің қаржыландыруымен Корпорацияда Қоршаған және әлеуметтік ортаны басқару жүйесі (ҚОЭОБЖ, ESMS) жүзеге асырылады. АДБ қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасына және банктің Әлеуметтік қорғау стратегиясы, Гендерлік теңдік саясаты және Қоғамдық байланыстар саясаты сынды өзге де әлеуметтік бағдарламаларына сай, аталған жүйе аясында «АЭҮК» АҚ үлестірілетін электр желілерін желі сенімділігін арттыру, шығындарды азайту, инфрақұрылымды жақсарту мақсатымен жаңғырту және кеңейту жұмыстары бойынша жобаларына қатысты қоршаған және әлеуметтік орта жағдайына мониторинг жасалып, АДБ есеп беріледі.

Корпорацияның экологиялық саясатының негізгі принциптері:

- адамның қолайлы қоршаған ортаға деген конституциялық құқығын мойындау;
- экологиялық қауіпсіздікті ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде сезініп, басымдық беру;
- экономикалық стратегияны әзірлеу барысында экологиялық менеджмент жүйесінде қаланған принциптер мен экологиялық мақсаттылықты басшылыққа алу;

2014 жылы атмосфераға шығатын ластаушы заттар қалдығы, тонна

Атауы	«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ		«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ		«ОАЭК» АҚ	
	лимит	факт	лимит	факт	лимит	факт
Барлығы, оның ішінде	68 037	46 574	47 354	33 182	115 391	79 756
Көмір күлі*	12 435	8 643	6 470	4 878	18 905	13 521
Азот диоксиді	17 615	9 711	5 696	5 360	23 311	15 071
Азот тотығы	2 859	1 576	924	871	3 783	2 447
Күкірт ангидридi	32 101	24 596	29 893	18 464	61 994	43 060
Көміртек тотығы	2 840	1 912	4 352	3 601	7 192	5 513
Басқалары	187	136	16	6	203	142

*бейорганикалық шаң-тозаң 70-20%, кремний қос тотығы

- электр және жылу энергиясы өндірісінің барлық кезеңдерінде энергияны үнемдеу мен табиғи және энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану;
- электр және жылу энергиясы өндірісінің қалдық көлемін қысқарту және оларды экологиялық тұрғыдан қауіпсіз пайдалану;
- апаттылықты төмендетуге және алдын алуға, қоршаған табиғи ортаға тигізетін жағымсыз әсерін азайтуға бағытталған іс-шаралар өткізу;
- экологиялық ақпараттың ашықтығы және қолжетімділігі, орын алған апат, экологиялық салдар және оларды жою шаралары туралы мүдделі тараптардың бәріне тез арада хабарлау;
- экологиялық мониторинг жүргізу нәтижелерінің ашықтығы мен қолжетімділігі;
- Корпорация кәсіпорындары қызметкерлерін табиғат қорғау жұмыстарына оларға экологиялық тәрбие мен білім беріп тарту; барлық қызметкерлерден техникалық қауіпсіздік ережелерінің талаптарын, Экологиялық саясат талаптарын орындау мен экологиялық нәтижеге қол жеткізуге қажетті экологиялық талаптар мен ережелерді сақтауды талап ету,
- Қазақстан Республикасы заңнамалық базасының талаптарына, ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001, ISO 17025 және ISO 50001 халықаралық стандарттарына сәйкестік.

Корпорацияның инвестициялық бағдарламасы аясында экологиялық параметрлерді жетілдіру мақсатымен Корпорацияның барлық қазандықтарында күл аулағыш қондырғылар (КАҚ) екінші деңгейлі батареялық эмульгаторларды орнату арқылы қайта құрылды, бұл атмосфераға күлдің таралуын 6 есеге қысқартты. Атқарылған шаралар түтін газдарын тазалау деңгейін арттырып, кәсіпорынның шығындарын азайтты. Эмульгаторларды орнату нәтижесінде түтін газдарын тазалау коэффициенті 2009 жылғы 95,8%-дан 2014 жылы 99,5%-ға жетті. 2009 жылдан бастап осы бағыттағы жұмыстарды жүргізу күлдің жылдық шығын көлемін 48 мың тоннадан 13,4 мың тоннаға (72%) шегерсе, электр энергиясы өндірісі 25,7%-ға, жылу энергиясын босату 15,7%-ға артты. Корпорацияның 2014 жылы атқарған сәтті жұмыстарының бірі – энергетикалық қазандықтардың күл аулау коэффициентін жобада көрсетілгендей, 99,5% деңгейінде ұстап тұруы болып табылады.

Инвестициялық бағдарлама жүзеге асырыла бастаған 2008 жылдың аяғында «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарымен атмосфераға таралатын ластаушы заттардың көлемі 108,5 мың тонна болса, 2014 жыл қорытындысы бойынша, бұл көрсеткіш 78 мың тоннаны құрады. Корпорация зиянды шығарылымдарды 27%-ға азайтып, осы кезеңде электр энергиясы өндірісінің көлемін 25,7%-ға арттырды.

2013 жылдың соңында 2-ЖЭО және 3-ЖЭО-нда газталдау қондырғысы орнатылды, ол атмосфераға қалдықтар шығарылымын азайту және қазандықтардың пайдалы әсер коэффициентін арттыру (отынды жағу режимдерін олардың экологиялық қауіпсіздігі мен отынды жағу толықтығын арттыру мақсатымен реттеу), сондай-ақ түтін газдарын тазалау тиімділігін арттыру мақсатымен ЖЭО қазандықтарындағы ластаушы заттардың концентрация өзгерістерін тіркеп,



бақылауға (мониторинг) арналған. Бұл мониторинг қондырғысы электронды тасымалдағышқа мәліметтерді тіркеп, атмосфераға бөлініп жатқан зиянды заттарды бақылап отыруға мүмкіндік береді.

Станцияның технологиялық айналымын қамтамасыз ету және күл-қож қалдықтарын 25 жылға дейін қоймалау мақсатымен қолданыстағы екі күл үйіндісін қайта құру және үш жаңа күл үйіндісін салу жұмыстары жүргізілуде. Жаңа күл үйінділері құрылысында инновациялық материал – канадалық полисинтетикалық геомембрананы қолдану – зиянды заттардың жер қыртысына сіңуінің 100% алдын алады.

Инвестициялық бағдарлама аясында өндірісті арттыруға, электр және жылу энергиясын тасымалдауда шығындарды азайтуға және қызметтің экологиялық параметрлерін жетілдіруге бағытталған бірқатар ірі шаралар жоспарлануда және жүзеге асырылуда.

2014 жылдың сәуірінде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ жайындағы экологиялық ақпарат Тұрақты өндіріс пен тұтыну орталығының «Қазақстан кәсіпорындарының экологиялық-энергетикалық рейтингін жасау» жобасына қатысу шеңберінде ресми түрде басылымда жарық көрді. Сондай-ақ, «KEGOC» АҚ әріптестік негізінде қазақстандық әлеуметтік жауапкершілік пен тұрақты даму бойынша бірінші бизнес-пособиесінде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ «Қоршаған орта» тақырыбындағы Өтінімі ресми жарық көрді. Бұл – «ОАЭК» АҚ зиянды қалдықтарды азайту мен жою, сондай-ақ жер ресурстарын қорғау мен аймақты жасылдандыру бағытындағы жұмыстарының заңды нәтижесі болып табылады.

Қоршаған ортаны ластаудың алдын алу – электр және жылу энергиясы өндірісі кезіндегі шұғыл қызметке қатысты барлық шешімдерді қабылдау кезінде айқындаушы фактор болып табылады. Жаңа технологияларды енгізу кезінде олардың қоршаған ортаға тигізетін әсерінің деңгейі, энергетикалық және табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігі бағаланады.

Құрылыс және қайта құру жұмыстары бойынша жаңа жобаларға орай, қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне арналған «Қоршаған ортаға әсер етуді бағалау» (ҚОӘБ) жобасы әзірленуде. Барлық жобалар қазақстандық экологиялық стандартқа сәйкес болу үшін мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтеді.

Корпорация кәсіпорындары 2014 жылы рұқсат етілген қалдықтар шегінен тыс нормативтердің көтерілуіне жол бермеді. Қабылданған экологиялық саясатты ұстана отырып, «ОАЭК» АҚ жаңа технологиялар енгізіп, Қазақстан Республикасында бекітілген стандарттарды ендірудің экологиялық параметрлерінің дамуын қамтамасыз етуде.

2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есеп (мың теңге)

Атауы	31.12.2014	31.12.2013	1.01.2013
АКТИВТЕР			
ҰЗАҚМЕРЗІМДІ АКТИВТЕР:			
Негізгі қаражат	206 284 356	137 449 410	120 167 172
Гудвил	2 424 419	2 424 419	2 424 419
Бейматериалдық активтер	238 363	164 720	101 582
Инвестициялар	—	—	145 087
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	116 716	144 249	—
Қолданылуы шектелген ақшалай қаражаттар	969 700	331 805	7 000 285
Өзге ұзақмерзімді активтер	6 532 179	10 165 522	242 906
Барлық ұзақмерзімді активтер	216 565 733	150 680 125	130 081 451
АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР:			
Тауарлық-материалдық қорлар	6 593 785	4 937 410	3 494 923
Саудалық дебиторлық қарыз	12 610 777	9 781 175	9 843 272
Берілген аванстар	1 288 714	1 527 097	1 057 357
Өтелетін салықтар және алдын ала төленетін салықтар	1 422 886	1 062 803	196 337
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	404 807	158 891	1 031 827
Өзге дебиторлық қарыз	2 073 193	2 078 954	2 708 890
Өзге қаржылық активтер	9 784 711	9 263 602	9 115 805
Қолданылуы шектелген ақшалай қаражаттар	479 194	572 530	391 126
Ақшалай қаражаттар	2 805 932	3 051 830	1 445 853
Барлық ағымдағы активтер	37 463 999	32 434 292	29 285 390
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР	254 029 732	183 114 417	159 366 841
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
КАПИТАЛ:			
Жарғылық капитал	46 043 272	37 590 045	37 590 045
Қосымша төленген капитал	1 348 105	4 288 735	4 288 735
Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв	51 005 740	18 020 220	19 236 528
Бөлінбеген табыс	41 473 796	36 192 388	27 417 545
Аналық компанияның акционерлеріне қатысты капитал	139 870 913	96 091 388	88 532 853
Бақыланбайтын үлестер	—	8 152 689	7 287 423
Барлық капитал	139 870 913	104 244 077	95 820 276

ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІК

2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есеп (мың теңге)

[жалғасы]

Атауы	31.12.2014	31.12.2013	1.01.2013
ҰЗАҚМЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Шығарылған облигациялар	15 516 792	14 885 375	13 678 521
Банктік қарыздар	29 180 380	18 901 770	9 824 897
Болашақ кезеңдегі табыстар	1 358 972	1 452 974	1 542 820
Ұзақмерзімді кредиторлық қарыз	205 095	227 095	256 673
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	31 809 901	20 001 637	17 626 881
Күл үйінділерінің топырақ құрамын қайта қалпына келтіру бойынша міндеттемелер	476 390	481 235	253 348
Қаржылық аренда бойынша міндеттемелер	787 815	—	—
Қызметкерлер сыйақысы бойынша міндеттемелер	111 952	98 905	92 071
Барлық ұзақмерзімді міндеттемелер	79 447 297	56 048 991	43 275 211
АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Шығарылған облигациялардың ағымдағы бөлігі	627 078	645 519	583 028
Банктік қарыздар	13 608 183	8 837 162	6 944 710
Саудалық кредиторлық қарыз	11 987 285	7 605 867	8 139 968
Алынған аванстар	3 030 985	3 448 184	2 623 383
Салықтар және төленетін бюджеттік емес төлемдер	769 581	883 691	844 361
Төленетін табыс салығы	6 812	1 933	130 572
Қаржылық аренда бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	109 993	—	—
Күл үйінділерінің топырақ құрамын қайта қалпына келтіру бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	—	—	155 427
Қызметкерлер сыйақысы бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	12 610	9 633	8 841
Өзге міндеттемелер мен есептелген шығындар	4 558 995	1 389 360	841 064
Барлық ағымдағы міндеттемелер	34 711 522	22 821 349	20 271 354
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	254 029 732	183 114 417	159 366 841

2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы кірістер мен шығыстар және өзге жиынтық табыс жөніндегі шоғырландырылған есеп (мың теңге)

Атауы	2014	2013
ТАБЫСТАР	107 783 546	94 137 298
ӨЗІНДІК ҚҰНЫ	(82 575 262)	(70 684 131)
ЖАЛПЫ ПАЙДА	25 208 284	23 453 167
Жалпы және әкімшілік шығындар	(7 653 966)	(6 868 090)
Өткізу бойынша шығындар	(1 767 612)	(1 615 308)
Қаржылық шығындар	(2 867 484)	(2 413 109)
Қаржылық табыстар	861 332	672 102
Курс айырмашылығы бойынша шығындар	(861 561)	(32 471)
Негізгі қаражаттың құнсыздануынан болатын шығындар	(466 351)	—
Өзге табыстар	2 132 481	465 665
САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ТАБЫС	14 585 123	13 661 956
ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР	(3 603 466)	(3 271 800)
БІР ЖЫЛҒЫ ТАБЫС	10 981 657	10 390 156
Табыс:		
Аналық компания	10 012 284	9 510 367
Бақыланбайтын үлестер	969 373	879 789
Табыс салығын есептемегендегі өзге жиынтық табыс		
<i>Кіріс пен шығынға реклассификациялауға жатпайтын баптар</i>		
Негізгі қаражаттарды қайта есептеуден түсетін табыс	34 301 900	—
БІР ЖЫЛҒЫ БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС	45 283 557	10 390 156
Барлық табыс және жиынтық табыс:		
Аналық компания	44 193 176	9 510 367
Бақыланбайтын үлестер	1 090 381	879 789

2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы капиталдағы өзгерістер жөніндегі шоғырландырылған есеп (мың теңге)

Атауы	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв	Бөлінбеген табыс	Аналық компания акционерлеріне қатысты барлық капитал	Бақыланбайтын үлестер	Барлық капитал	
1 қаңтар 2013 ж.	37 590 045	4 288 735		19 236 528	27 417 545	88 532 853	7 287 423	95 820 276
Бір жылдағы табыс	—	—		—	9 510 367	9 510 367	879 789	10 390 156
Бір жылдағы жиынтық табыс	—	—		—	—	—	—	—
Табыс және бір жылдағы өзге жиынтық табыс	—	—		—	9 510 367	9 510 367	879 789	10 390 156
Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв амортизациясы	—	—	(1 216 308)	1 216 308				—
Жарияланған дивидендтер	—	—	—	(1 834 773)	(1 834 773)		(14 523)	(1 849 296)
29,265 мың теңге көлеміндегі қалдырылған табыс салығын есептемегенде, әділ құнына дейін түзеу	—	—	—	(117 059)	(117 059)		—	(117 059)
31 желтоқсан 2013 ж.	37 590 045	4 288 735		18 020 220	36 192 388	96 091 388	8 152 689	104 244 077
Бір жылдағы табыс	—	—		—	10 012 284	10 012 284	969 373	10 981 657
Бір жылдағы жиынтық табыс	—	—		34 180 891	—	34 180 891	121 009	34 301 900
Барлық табыс және бір жылдағы өзге жиынтық табыс	—	—		34 180 891	10 012 284	44 193 175	1 090 382	45 283 557
Акция эмиссиясы	8 453 227	—		—	—	8 453 227	—	8 453 227
Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв амортизациясы	—	—	(1 195 371)	1 195 371		—	—	—
Жарияланған дивидендтер	—	—	—	(2 330 129)	(2 330 129)		(14 523)	(2 344 652)
Бақыланбайтын үлестерді сатып алу	—	(2 940 630)		—	(3 564 050)	(6 504 680)	(9 228 548)	(15 733 228)
8,062 мың теңге көлеміндегі қалдырылған табыс салығын есептемегенде, әділ құнына дейін түзеу	—	—	—	(32 068)	(32 068)		—	(32 068)
31 желтоқсан 2014 ж.	46 043 272	1 348 105		51 005 740	41 473 796	139 870 913	—	139 870 913

2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі шоғырландырылған есеп (мың теңге)

Атауы	2014	2013
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:		
Салық салуға дейінгі табыс	14 585 123	13 661 956
Түзетулер:		
Тозу және амортизация	6 581 828	5 658 391
Қаржылық шығындар	2 867 484	2 413 109
Курс айырмашылығы бойынша шығын /(табыс)	861 561	(67 739)
Негізгі қаражаттың құнсыздануынан болатын шығындар	466 351	58 186
Күмәнді қарыздар бойынша резерв есептеу	56 599	304 975
Кредиторлық қарызды шығарып тастау табысы	(66 164)	(144 821)
Пайдаланылмаған босатылым бойынша резервтер есептеу	58 523	28 276
Тауарлық-материалдық қорлардың құнсыздануы бойынша резерв есептеу	46 436	5 047
Қызметкерлерді марапаттау бойынша шығындар	15 316	23,5
Негізгі қаражаттың шығып қалу шығындары /(табыстары)	(814 567)	19,82
Депозитте орналастырылған ақшалай қаражаттардың пайыздық табысы	(644 996)	(409 623)
Әділ құнына дейінгі түзеу амортизациясы	(105 623)	(160 475)
Кепілдік салымдар пайыздары бойынша табыстар	(55 656)	(36 203)
Өзіндік облигацияларды сатып алу табыстары	(51 082)	(61 357)
Өзге түзетулер	(7 842)	(3,26)
Айналымдық капиталдағы өзгерістерге дейінгі ақша қаражатының қозғалысы	23 793 291	21 289 782
Тауарлық-материалдық қорлардың өзгеруі	(1 702 811)	(1 331 976)
Сауда дебиторлық қарыздың өзгеруі	(2 960 317)	70 361
Берілген аванстың өзгеруі	278 246	(493 242)
Өтелетін салықтар мен алдын ала төленген салықтардың өзгеруі	(29 198)	645 015
Өзге дебиторлық қарыздың өзгеруі	(19 115)	371 370
Сауда кредиторлық қарыздың өзгеруі	4 498 313	(583 089)
Болашақ кезеңдер табысының өзгеруі	894	(95,780)
Алынған аванстардың өзгеруі	(417 199)	657 771
Қызметкерлерді марапаттау бойынша міндеттемелердің өзгеруі	708	151 156
Өзге міндеттемелер мен есептелген шығындардың өзгеруі	(52 446)	95 145
Салықтар мен төленетін бюджеттік емес төлемдердің өзгеруі	(360 083)	(284 958)

2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі шоғырландырылған есеп (мың теңге)

[жалғасы]

Атауы	2014	2013
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты	23 030 283	20 491 555
Төленген табыс салығы	(627 665)	(872 562)
Төленген пайыздар	(3 515 531)	(2 647 880)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты	18 887 087	16 971 113
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:		
Негізгі қаражаттарды иелену	(31 152 746)	(22 216 506)
Бейматериалдық активтерді иелену	(113 677)	(92 282)
Бақыланбайтын үлестерді иелену	(5 401 551)	—
Негізгі қаражаттың шығып қалу түсімдері	1 866 709	82 663
Депозитке орналастырылған ақша қаражаты	(16 897 285)	(6 217 992)
Депозиттен шешілген ақша қаражаты және пайыздық түсімдер	17 000 162	6 312 464
Кепілдік салымдар қайтарымы	(58 040)	(55 854)
Негізгі қаражаттарды сатып алуға берілген аванстардағы өзгерістер	3 608 811	(3 193 787)
Инвестициялық қызметте қолданылған таза ақша қаражаттары	(31 147 617)	(25 381 294)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:		
Қарыздар түсімі	27 755 192	21 151 300
Облигацияларды орналастыру түсімдері	1 199 999	1 106 167
Қарыздарды өтеу	(15 366 365)	(10 422 143)
Дивидендтерді төлеу	(1 094 846)	(1 834 772)
Облигацияларды өтеу	(564 839)	—
Қаржылық қызметтен алынған таза ақша қаражаттары	11 929 141	10 000 552
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ТАЗА ҰЛҒАЮЫ /(АЗАЮЫ)	(331 389)	1 590 371
ЖЫЛ БАСЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ	3 051 830	1 445 853
Шетелдік валюта курсы өзгерісінің шетелдік валютадағы ақша қаражатының қалдығына әсері	85 491	15 606
ЖЫЛ СОҢЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ	2 805 932	3 051 830

ГЛОССАРИЙ

Агрегаттың (стансаның) қолданылатын қуаттылығы — өндіруші агрегаттың (стансаның) қуаттылығын шектеуді алып тастағандағы белгіленген қуаттылығы.

Әуелік электр желісі — электр энергиясын ашық ауада орнатылған, оқшаулағыштар мен арматуралардың көмегімен тіреулерге немесе кронштейндерге бекітілген өткізгіштердің бойымен беретін электр желісі.

Белгіленген қуаттылық — турбоагрегаттардың номиналды қуатының қолданыстағы шамасы.

Бу турбинысы — энергетикалық турбомашинаның жоғары параметрлі будың потенциалды энергиясын электрді өндіретін оның роторының айналуының механикалық энергиясына түрлендіретін булы турбоагрегат элементі.

Гигакалория — жылу энергиясы мөлшерінің өлшем бірлігі, жылу энергетикасы, жылыту жүйесі, коммуналды шаруашылықта бағалау үшін қолданылады.

Гигакалория / сағат — белгілі бір уақыт ішінде қандай да бір жабдықтың өндірген немесе пайдаланған жылу мөлшерін сипаттайтын туынды бірлік.

Градирня — ауа массасын соратын сорғыш мұнара түріндегі құрылыс ғимараты.

Гудвилл (ағылш. *goodwill*) — компанияның бағасы мен оның барлық активтерінің таза құны арасындағы айырмашылық.

Жылу мен электр энергиясын аралас өндіру — электр өндіргіштің бу турбинысын қозғалысқа келтіріп электр энергиясын және бу турбинысынан бөлініп шыққан будан шығатын жылуды өндіруі.

Жылу электр орталығы (ЖЭО, *жылытатын электр станциясы*) — электр энергиясын ғана емес, сондай-ақ бу және ыстық су күйінде тұтынушыларға жіберілетін жылуды өндіретін жылу электр стансасы.

ЖІӨ дефляторы (*жалпы ішкі өнім дефляторы*) — экономикадағы белгілі бір кезеңде тауарлар мен қызметтер (тұтыну себеті) жалпы баға деңгейін есептеуге арналған бағалық индекс.

Қазандық агрегаты — отын жағу, электр энергиясын пайдалану, шығатын газ жылуы немесе технологиялық үрдіс салдарынан қысыммен бу немесе ыстық су алуға арналған құрылғы.

Калория (кал) — жылу мөлшерінің жүйеден тыс бірлігі.

Күл — отынның толық жанған кезде минералды қоспаларынан түзілетін жанбайтын қалдығы (шаң тәрізді).

Күл үйіндісі — жылу электр орталықтарында қатты отынды жаққан кезде түзілетін күл мен боқатты жинауға және кәдеге жаратуға арналған жер.

Мегаватт — электр өндірісінде қуаттылықты өлшеу бірлігі.

Қолданылатын қуаттылық — техникалық себептер бойынша сатылмаған (түтін құбырларының тарту күшінің жеткіліксіздігі, турбина конденсаторларының салқындату жүйесі және т.б.) қуаттылықты алып тастағандағы жабдықтың белгіленген қуаттылығына тең шама.

РҚШ томы — рұқсат етілген қалдықтар шегі нормативтерінің жобасы.

Сорғы — энергия (кинетикалық немесе потенциалды) келіп түскен кезде ең алдымен сұйықты қысыммен қозғалтуға (соруға, айдауға) арналған құрылғы.

Сорғы қондырғысы — сорғының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, белгілі бір сұлба бойынша құрастырылған құраушы жабдықтары бар сорғы агрегаты.

Стансадағы белгіленген жылу қуаты — жылуды сыртқы тұтынушыларға және бу мен ыстық суға деген жеке қажеттіліктерге жіберуге арналған жабдықтарды пайдалану актісі бойынша қабылданған номиналды жылу қуаттылықтарының қосындысы.

Трансформатор (лат. *transformare* — өзгерту, түрлендіру) — энергияның (мысалы, электр трансформаторы, гидротрансформатор) немесе нысандардың (мысалы, фототрансформатор) қандай да бір маңызды қасиеттерін түрлендіруге арналған құрылғы.

Турбина — бу, газ, судың жұмыс жылуының кинетикалық энергиясын механикалық жұмысқа түрлендіретін, жұмыс органы болып табылатын роторды айналдыру қозғалысы бар алғашқы қозғалтқыш.

Турбоагрегат — бір жиынтық сымға біріктірілген бу турбинысы, электр өндіруші мен қоздырғыштың жиынтығы; пардың потенциалды энергиясын электр энергиясына түрлендіруді қамтамасыз етеді.

Шағын станция — электр энергиясын түрлендіру және тарату үшін пайдаланылатын, трансформатор немесе энергияны басқа да түрлендірушілерден, тарату құрылғыларынан, басқару құрылғысы мен қосалқы құрылыстардан тұратын электр қондырғысы.

Электрді әуемен беру желісі — электр энергиясын қашықтықтарға өткізгіштер арқылы беруге арналған құрылым.

Электрді беру желісі (ЭБЖ) — электр энергиясын электр стансасынан тұтынушыларға беруге арналған, сымдар (кабельдер) мен қосымша құрылғылардан тұратын құрылыс.

Энергожүйенің белгіленген электр қуаты — энергожүйедегі электр стансаларының барлық турбо және гидроагрегаттарының паспорты не болмаса техникалық шарттарына сәйкес келетін жиынтық номиналды белсенді қуаты.

Эмульгатор — фазалар инверсиясы режимінде жұмыс істейтін ылғалды күл және шаңды тазалау аппараты.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ

COSO Трэдуэя Комиссиясының демеушілік ұйымдары комитеті

CTF (ағылш. қысқ. Clean Technology Fund) Таза технологиялар қоры

EBITDA салықтарды, пайыздарды және есептелген амортизацияларды төлеу бойынша шығындарды алып тастағандағы пайда көлеміне тең аналитикалық көрсеткіш

ESAP Экологиялық және әлеуметтік әрекеттер жоспары

ISO Халықаралық стандарттау жөніндегі ұйым

KEGOC «Қазақстан Электр желілерін басқару жөніндегі компания» АҚ

ONSAS халықаралық еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі

2-ПЖЭО 2-Петропавл жылу электр орталығы

АЕК айлық есептік көрсеткіш

АҚ акционерлік қоғам

АЭЖ аудандық электр желісі

ӘЖ әуелік желілер

БАҚ бұқаралық ақпарат құралдары

Гкал гигакалория

Гкал-с гигакалория/сағат

ГЭС гидро электр стансасы

ҒӨБ ғылыми-өндірістік бірлестік

ЕҚДБ Еуропа қайта құру және даму банкі (ағылш. European Bank for Reconstruction and Development EBRD)

ЖКЕАЖ жылу энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі

ЖОС жеке оқшаулағыш сым

ЖТҚ жиынтық тарату құрылғысы

ЖШС жауапкершілігі шектеулі серіктестік

ЖІӨ жалпы ішкі өнім

ЖЭО жылу электр орталығы

ИИҚ Ислам инфрақұрылымдық қоры

кВт-с киловатт/сағат

КЖ кабельді желілер

КҰҚ күлді ұстау құрылғысы

ҚҚС қосымша құн салығы

ҚОМЖ қоршаған орта менеджменті жүйесі

МАЭС мемлекеттік аудандық электр станциясы

МВт мегаватт

МУИИДБ мемлекеттік үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы

ОАОЭК «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ

ОАЭК «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ

ПЭ «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ

ПЭТК «Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ

СКЭ «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ

СҚ ЭТК «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ

СПЖ сапа менеджменті жүйесі

ТБЖ тәуекелдерді басқару жүйесі

ЭБӨЖ электрді берудің әуелік желілері

ЭБЖ электрді беру желілері

ЭКЕАЖ электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі

ЭС электр станциясы

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

«ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ

«ОАЭК» АҚ бас кеңсесінің мекенжайы:
Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Қарасай батыр көш., 89

Электрондық пошта: info@energy.kz

Телефондары: +7 (727) 258-49-41

Факс: +7 (727) 258-49-42

Инвесторлармен және акционерлермен жұмысқа жауапты тұлғалар

А.Ә.Т./Қызметі	Байланыс ақпараты
Артамбаева Гүлнәр Жұмағалиқызы, «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89 тел.: +7 (727) 258-49-41 факс: +7 (727) 259-66-43
Қасымханова Қарлығаш Ерболатқызы, «ОАЭК» АҚ Бухгалтерлік есеп департаментінің директоры	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89 тел.: +7 (727) 258-49-47 факс: +7 (727) 259-66-43
Жұмаділов Талғат Мұхтарұлы, «ОАЭК» АҚ Корпоративтік хатшысы	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89 тел.: +7 (727) 258-49-40 факс: +7 (727) 259-66-43

АУДИТОР

«ОАЭК» АҚ аудиторы «Делойт» ЖШС болып табылады, орналасқан мекенжайы:
ҚР, Алматы қ., Әл-Фараби көш., 36, «Нұрлы-Тау» БО.

Телефондары: +7 (727) 258-13-40

Факс: +7 (727) 258-13-41

ТІРКЕУШІ

«Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ (Алматы қ. Әділет департаментінің 11.01.2012 ж.
берген 1678–1910–02АҚ мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі).